**2024 жылғы «4» мамыр**
**«СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау**
**кеңесімен мақұлданды**
**(№5 хаттама)**

# ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

СК-ФАРМАЦИЯ

# 2023

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Астана қ., 2024

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздің қолыңызда «СҚ-Фармация» ЖШС-ның жылдық есебі, онда біздің мақсатымыз және қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесін құру және Бірыңғай дистрибьютордың рөлін дұрыс орындау жағдайында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде халықты дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз ету бойынша жұмыстарының нәтижелері көрсетілген

## СІЗГЕ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒУҒА ҰСЫНАМЫЗ!

*Қазақстан Республикасында ТМККК және МӘМС шеңберінде ДЗ мен МБ Бірыңғай дистрибуция жүйесі «ТМККК шеңберінде дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесін енгізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 134 қаулысына сәйкес ДЗ, МБ сатып алуды ТМККК шеңберінде шоғырландыру мақсатында құрылған.*

*ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 7 қарашадағы № 1781 қаулысымен «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ДЗ, МБ сатып алу, ДЗ, МБ сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер және шарттар, ұзақ мерзімді шарттар жасасу, сондай-ақ ТМККК шеңберінде медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру бойынша Бірыңғай дистрибьютор болып айқындалды.*

СҚ-ФАРМАЦИЯ

# МАЗМҰНЫ

## 1 БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

4 Бақылау кеңесі Төрағасының алғы сөзі
5 Басқарма Төрағасының алғы сөзі

## 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

7 «СҚ-Фармация» ЖШС-нің құрылу тарихы
8 Миссия, пайымдау және стратегиялық бастамалар
9 «СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2019-2023 жж. арналған Даму стратегиясын іске асыру
11 СҚ-Фармацияны Қайта жүктеу бағдарламасы
13 Фармацевтикалық нарыққа шолу

## 3 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

14 ДЗ мен МБ сатып алу жағдайы
18 ДЗ мен МБ медициналық ұйымдарға жөнелту
19 Бірыңғай дистрибьютор қызметі шеңберінде амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету
21 Отандық тауар өндірушілерді қолдау
24 Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту
26 Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру

## 4 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

27 Қаржы қызметінің нәтижелері
27 Ақша ағындарын басқару

## 5 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

32 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
36 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
39 Персоналды басқару
41 «СҚ-Фармация» ЖШС-нің Жастар комитеті
42 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

## 6 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

47 Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен құрылымы
48 Жалғыз қатысушы
48 Бақылау кеңесі
54 Басқарма
56 Ревизиялық комиссия
57 Ұйымдық құрылым

## 7 2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

58 2022 жылғы жұмыстың негізгі нәтижелері

# БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

## *Бақылау кеңесі Төрағасының алғы сөзі*

**Құрметті есеп оқырмандары,
әріптестер, серіктестер!**



**«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы Төрағасының орынбасары, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы**

**Лавриненко Юрий Иванович**

Қазақстан соңғы жылдары әлемнің көптеген елдері сияқты бұрын сонды болмаған қиындықтарға тап болды. Пандемия, сыртқы және ішкі саяси оқиғалар елдің экономикалық жағдайына тікелей ықпал етті.

Бұл ретте ұлттық валютада сатып алу қабілеттілігінің төмендеуі, инфляцияның өсуі және тұтыну бағаларының индексінің артуы байқалады.

Әрине, барлық осы оқиғалар белгілі бір немесе басқа да дәрежеде қазақстандық фармацевтикалық нарықтың жағдайына әсер етті.

Халықаралық IQVIA талдау компаниясының есебіне сәйкес, қазақстандық фармацевтикалық нарықтың құндық көлемі (бөлшек сауданы және ТМККК, МӘМС үшін сатып алуларды ескере отырып) 2023 жылға дитсрибьюторлардың бағасымен 987,3 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 15,4% жоғары (854,79 млрд. теңге).

Осылайша, фармацевтикалық нарық пандемияның алғашқы жылында байқалған шоктық сұраныстан кейін дәрі-дәрмекті қалыпты тұтынуға біртіндеп келіп жатқанын белгілеуге болады.

Орталық Азия және ТМД елдерінің барлығының арасында Қазақстан ТМККК және МӘМС жүйесі есебінен ұсынылатын дәрілік қамтамасыз ету көлемі бойынша көш бастап тұрғанын атап өткен жөн. Алайда бөлшек сауда сегментінің үлесі нарықтың жалпы көлемінде ақшалай мәнде 58% және заттай мәнде 82% құрайды.

Осылайша, дәрі-дәрмектердің көп бөлігі дәріханалар арқылы сатылады, яғни оны халық өз қаражатына сатып алады.

# БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

## *Басқарма Төрағасының алғы сөзі*

**Құрметті есеп оқырмандары, әріптестер, серіктестер!**



**экономикалық ғылымдар кандидаты, MBA, DBA**

**Искалиев Ерхат Серікұлы**

Сіздерді 2023 жылдың қорытындысы бойынша «СҚ-Фармация» ЖШС-нің есебі бетінде қарсы алғаныма қуаныштымын.

ТМККК шеңберінде фармацевтикалық өнімді сатып алу 200 жылдан 2023 жыл бойы шамамен 14 есеге өсті.

Бұл ретте дәрі-дәрмекті сатып алуды жүзеге асыру барысында басымдылық әсіресе отандық өндірушілерге беріледі.

Бірыңғай дистрибьютордың алдына қойылған міндеттердің бірі отандық әзірлемелерді қолдау және бәсекеге қабілетті фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша отандық өндірушілерден сатып алу үлесі ақшалай мәне «СҚ-Фармация» ЖШС сатып алуының жалпы көлемінен 31,5% және сатып алынатын атаулардың санынан 62% құрайды.

Қазақстанның фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі өз қызметі шеңберінде Бірыңғай дистрибьютор шетелдік инвестицияларды және фармацевтика өнімін өндіруде үздік шетелдік тәжірибені тарту, технологиялар мен жаңа әзірлемелерді отандық өндірістік алаңдарға беру бойынша жұмыс жүргізуде.

Мәселен, Бірыңғай дистрибьютор дәрілік заттардың айналымы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде жұмыстар жүргізді:

- ДЗ мен МБ өндірісін құруға және (немесе) жаңғыртуға ниеті бар әлеуетті өнім берушілердің өтініміне бағалау критерийлері қайта қаралды, онда экспорттық операциялардың болуы, ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық кезінде R&D дамыту, фармацевтика саласының кадрлық және ғылыми әлеуетін арттыру шеңберінде жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық критерийлері қосылды;
- BigPharma өтініштерін ескере отырып келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен ұзақ мерзімді шарттар жасасу тетігі жетілдірілді;
- Қазақстан аумағында өндірістерді жергіліктендіру деңгейінің өсуіне және фармацевтика өнеркәсібінде қосылған құн тізбегін құруға ықпал ететін шаралар әзірленді.

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

2023 жылғы 17 қарашада алғашқы бастамаларды іске асыру басталды - Қазақстандық Жаһандық инвестициялық дөңгелек үстел алаңында Бірыңғай дистрибьютор "Pfizer Export B. V." американдық транс-ұлттық компаниясымен және "Roche Holding" швейцариялық фармацевтикалық алыбымен бірегей патенттелген дәрілік заттардың келісімшарттық өндірісінің тапсырыс берушілерімен алғашқы ұзақ мерзімді шарттарға қол қойды.

Қазіргі уақытта геосаясат Ресей мен Украина нарықтарынан бірқатар клиникалық зерттеулердің кетуіне себеп болды. Біз олардың бір бөлігін елімізге көшіру бойынша нақты ұстанымды ұстанамыз, осыған байланысты осы бағытты дамыту үшін нормативтік кедергілерді төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Қазақстан 16 елдегі неміс Байер компаниясы жүргізетін ең ірі клиникалық зерттеуге қосылған.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## *«СҚ-Фармация» ЖШС-нің құрылу тарихы*

### 2009

- «СҚ-Фармация» ЖШС-ін Самұрық-Қазына ҰӘҚ бөлімшесі ретінде халықты ТМККК шеңберінде сапалы және қол жетімді ДЗ-мен үздіксіз қамтамасыз ету, бюджет қаражатын үнемдеу, Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібінің дамуына жәрдемдесу мақсатында құру

### 2013

- СҚ-Фармацияға 100% мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне беру.

### 2018

- Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді орталықтандыру

### 2019-2023

- Жаңа даму стратегиясы

### 2020

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу
- Бірыңғай дистрибьюторға жұмылдыру резервінің ДЗ мен МБ жеткізу, сақтау жөніндегі функциялар берілді
- Бірыңғай дистрибьютор ДЗ мен МБ гуманитарлық көмекті қабылдау үшін
- ДЗ мен МБ кейіннен бөлшек сауда желісінде өткізу үшін көтерме саудада сатып алу жөніндегі өкілеттіктер

### 2021

- Вакциналардың салқындату тізбегін цифрландыру бойынша пилоттық жоба аяқталды
- ДЗ мен МБ таңбалаудың пилоттық жобасы аяқталды
- ҚР-да фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды жүзеге асыру. ДЗ мен МБ отандық өндірісін дамыту

### 2022

- Медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру
- Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## *Миссия, пайымдау және стратегиялық бастамалар*

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Сапа және қауіпсіздік**

**Корпоративтік рух және позитивті ойлау**

**Сенім және өзара түсіністік**

**Жаңашылдық және өзін-өзі жетілдіру**

| | |
|---|---|
| **МИССИЯ** | Жоғары кәсіби қызметкерлермен және дамыған инфрақұрылыммен біз ҚР халқының ДЗ мен МБ-ға тең және уақтылы қолжетімділігін қамтамасыз етеміз. Біз жұмысымыздың сапасына бағдарланғанбыз |
| **ПАЙЫМДАУ** | Біздің компания 2023 жылға қарай ҚР және ЕАЭО аумағындағы МҰ-ға ДЗ мен МБ үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи инфрақұрылымы бар тиімді жұмыс істейтін ұйым болып табылады |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР** | • Бизнес-мүмкіндіктерді кеңейту жағдайында қызметті трансформациялау;<br>• Ұйым қызметіндегі сапаны басқару;<br>• Менеджмент технологиясын жетілдіру |

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## SWOT – ТАЛДАУ

ІШКІ

S

**МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ**

- Жеке логистикалық инфрақұрылымды даму перспективасы
- ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде ДЗ мен МБ орталықтандырып сатып алуға айрықша құқық
- Халықаралық ұйымдар арқылы және шетелдік өндірушілерден сатып алу көлемдерін ұлғайту беталысы
- ҚРДСМ жүйелерімен интеграцияланған жеке IT-инфрақұрылымының болуы
- Орталықтандырылған сатып алу масштабындағы үнемдеу

W

**ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ**

- ДЗ мен МБ берушілерден және логистика қызметін берушілерге тәуелділік
- Тауарды бақылау жүйесінің болмауы
- Медұйымдардың ДЗ мен МБ қажеттілігін қате қалыптастыруы
- Қормен өзара есеп айырысудың ұзақ мерзімдері
- Медициналық ұйымды қайта ұйымдастыру/тарату кезінде өтінімдерді басқаратын бірыңғай механизм жоқ
- Тікелей келісімшарттар бойынша сатып алу кезінде бағам айырмасына тікелей тәуелділік

СЫРТҚЫ

O

**МҮМКІНДІКТЕР**

- БД қолданыстағы жүйесі халықты дәрі-дәрмекпен уақтылы және ашық түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
- Өндірісті автоматтандыру есебінен логистикалық компаниялардың инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін дамыту
- ТМККК тиімді бюджеттеу

T

**ҚАТЕРЛЕР**

- Инфляцияның өсуі және валюталық депозиттер банктерінің сыйақы мөлшерлемелерін төмендету
- Сатып алу рәсімдерін өткізу қағидалары көбінесе жоғары тұрған НҚА-мен сәйкестендірілмеген
- Тапсырыс берушілердің медициналық өнімдерге қажеттілікті тиімсіз жоспарлау

## *«СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2019-2023 жж. арналған Даму стратегиясын іске асыру*

«СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) Байқау кеңесінің 2019 жылғы 20 мамырдағы (№74 хаттама) шешімімен бекітілген.

Даму стратегиясы 3 стратегиялық мақсатты, 8 міндетті, 17 ҚНК және 32 іс-шараны (IT дамыту тұжырымдамасына сәйкес Жол картасында қосымша 3 іс-шара) қамтиды.

Даму стратегиясы және «СҚ-Фармация» ЖШС-ның Байқау кеңесінің 2019 жылғы 23 шілдедегі (№77 хаттама) шешімімен бекітілген «СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жол карасы (бұдан әрі – Жол картасы) «СҚ-Фармация» ЖШС Басқармасының 2021 жылғы 19 қазандағы (№ 40 хаттама) шешімімен бекітілген Ақпараттық жүйелерді дамыту тұжырымдамасына сәйкес «СҚ-Фармация» ЖШС Байқау кеңесінің 2022 жылғы 29 шілдедегі (№6 хаттама) шешімімен толықтырылды.

Даму стратегиясын мониторингтеудің қорытындысы бойынша Бірыңғай дистрибьютор барлық бағыттар бойынша нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етті.

СК-ФАРМАЦИЯ

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

| Нәтижеліліктің негізгі көрсеткіші | Жоспар | Факт |
|---|---|---|
| Таурлық қорлардың айналымы кезеңі, % | 90 күннен артық емес | 38,98 күн |
| Бірыңғай дистрибьютордың тізімінен тыс сатып алынған ДЗ мен МБ үлесі (оның үшінде бөлшектеп сату), % | 100 | 100 |
| МТ орталықтандырылған сатып алудың үнемдеу үлесі, % | 1 | 12 |
| ТМККК және МӘМС шеңберінде медициналық ұйымның қажеттілігі бойынша Ұйыммен сатып алынған ДЗ мен МБ үлесі, % | 95 | 100 |
| Өткізілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың саны, млрд. бірлік шамасы. (2022 ж. қорытындысы бойынша) | 1,4 | 1,6 |
| Контрагенттердің қанағаттану деңгейі, % (2022 ж. қорытындысы бойынша) | 88 | 91 |
| Стационарлық және амбулаторлық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде медициналық ұйымдарға жеткізу кестесін орындау, % (2022 ж. қорытындысы бойынша) | 100 | 103 |
| Кадрлардың тұрақсыздығы, % | 10 | 5 |
| Қаржылық тиімділік көрсеткіштерін орындау, % (2022 ж. қорытындысы бойынша) | 85 | 127 |
| Есептен шығарумен байланысты ақшалай қаражатты жоғалту үлесі, % (2022 ж. қорытындысы бойынша) | 2 | 0,6 |

Бұл ретте, 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру кезеңінде Бірыңғай дистрибьютор мынадай негізгі іс-шараларды аяқтады:

**2019 жыл:**

- ✓ Стейкхолдерлермен өзара әрекет Платформасын құру
- ✓ СМЖхалықаралық стандарттары бойынша аккредитация (ISO 9001, TÜV NORD GROUP)

**2020 жыл:**

- ✓ АДҚ нозологияларын қамтуды 3 есеге кеңейту
- ✓ COVID-19 күрес үшін вакцинаны сатып алу
- ✓ Бөлшек сауда желісі үшін резервтер құру
- ✓ СҚ-Фармация Қайта жүктеу Бағдарламасы

**2021 жыл:**

- ✓ Медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру
- ✓ ОТӨ қайта жүктеу – ҰМШ үшін жаңа критерилерді қосу
- ✓ Логистиканы жетілдіру және бағдарларды оңтайландыру
- ✓ Жұмыстың ашықтығын қамтамсыз ету

**2022 жыл:**

- ✓ Сатып алу рәсімдерін автоматтандыру бойынша жұмыстар
- ✓ BigPharmaмен жұмысжәне фармкластерлерді іске асыру
- ✓ МТ әлемдік вендорларымен жұмыс
- ✓ Таңбалау пилоттық жобасын аяқтау
- ✓ Сыбайлас жемқорлық стандарты бойынша аккредитация

**2023 жыл:**

- ✓ Бірегей дәрі-дәрмектерді шоғырландыруға ҰМШ жасау

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

- ✓ Pfizer және Roche
- ✓ Өңірлік фарм хабты құру бойынша жұмыстардың басталуы
- ✓ Қоймалардың құрылысы үшін жер учаскелерін бөлу
- ✓ GPO бастамасы – Қырғызфармациямен меморандумға қол қою

Сонымен қатар, 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жылдарында Бірыңғай дистрибьютор бірқатар жүйелік проблемаларға тап болды, оларды шешу компанияның дамуындағы жаңа сынаққа айналуы тиіс:

- Қордың төлем жасауға жиынтық тізілімдерді уақтылы қабылдамауы және қате рецептілер үшін төлемді толық жасамауы, шекті бағаларға кері уақытпен жиі өзгерістерді енгізу ақшалай қаражаттың тапшылығына әкеліп соқтырады.
- ДЗ мен МБ Бірыңғай жіктегішін толтыру бойынша жұмыстар аяқталмады
- Медициналық ұйымдарда МАЖ және !С интеграциясы жоқ, бұл ДЗ мен МБ қалдықтарын есепке алуға мүмкіндік бермейді
- Медициналық ұйымдар үшін ДЗ мен МБ қажеттілікті есептеу автоматтандырылмаған
- Дәрі-дәрмектерді таңбалау және қадағалау бөлігінде медициналық ұйымдарда таңбаланған ДЗ пациентке дейінгі жекелеген бірліктердің айналымынан шығуын есепке алу қамтамасыз етілмеген
- ДЗ мен МБ төмендемейтін қоры бірыңғай дистрибьютордың өз қаражаты есебінен қалыптастырылады, осыған байланысты кассалық алшақтықтың туындауына және есеп айырысу шотында бос ақша қаражатының болмауына байланысты төмендетілмейтін қорды қалыптастыру мүмкін емес
- Жұмылдыру резервінің ДЗ мен МБ сатып алуға, жаңартуға, сақтауға, тасымалдауға, сондай-ақ қоймалардың құрылысына бюджет қаражатын бөлу
- Жұмылдыру резервінің ДЗ мен МБ номенклатурасын Бірыңғай дистрибьютордың тізбесіне және жарақтандыру табелдеріне сәйкестендіру
- Өткен жылдардың қарыздарын есепке ала отырып берешек сомасы 31.12.2023 жағдай бойынша 16,3 млрд. теңгені құрайды. Медициналық ұйымдардың БД алдындағы міндеттемелерін төлеу мерзімдерінің бұзылуы жиі сипатқа ие, медициналық ұйымдардың  төлем жасамауы салдарынан БД жылдан жылға кассалық алшақтыққа тап болады.
- Медициналық техниканы орталықтандыру үшін бағдарлама енгізу: ОТӨ медициналық жабдықтарының лизингі, медициналық жабдықтарды ұзақ мерзімді жалға алу, медициналық техникаға сервистік қызмет көрсетуді жетілдіру, медициналық ұйымдарды медициналық техникамен жарақтандыруды жетілдіру және медициналық техникамен қамтамасыз ету саласында бірыңғай саясат әзірлеу жөнінде Сараптамалық (техникалық) кеңес құру, сондай-ақ МТБЖ АЖ жаңғырту.

**«СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2024 – 2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы.**

Бірыңғай дистрибьютор «СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2024-2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын әзірлеуді жүзеге асыруда.

«СҚ-Фармация» ЖШС-ның 2024-2028 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясының ұсынылып отырған бағыттарының негізгі алғышарттары пандемиялық

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

және пандемиядан кейінгі кезеңдердің дағдарысы, кантар оқиғасы, сондай-ақ геосаяси жағдайдың ДЗ мен МБ бірыңғай дистрибуция жүйесіне және тұтастай алғанда елді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге әсері болып табылады.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қазақстанда тауар топтарын индустрияландырумен сауда-көлік хабын дамыту, нарықтағы ОТӨ үлесін 50% - ға дейін ұлғайту, жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандыру, инвесторларды тартудың маңыздылығы, фармацевтикалық өнімдер мен медициналық техниканы өндіру жөніндегі отандық кәсіпорындарға технологиялар мен жаңа әзірлемелердің трансфертін қамтамасыз ету туралы бірқатар міндеттер қойып отыр.

Медициналық техникамен жарақтандыру мәселесіне терең үңілу, халықаралық тәжірибені зерделеу және медициналық жабдықтарды сатып алудың ашық, пәрменді тетігін ұсыну қажет.

Елдің технологиялық прогресінің векторын белгілеудің өткір қажеттілігі бар, ең алдымен көлік және логистика саласында жасанды интеллектті енгізуге көңіл бөлу маңызды.

**«СК-Фармация» ЖШС-нің 2024-2028 жылдарға арналған Даму Стратегиясының негізгі қағидаты дәрілік қамтамасыз етудің пациентоцентризмі болып табылады.**

Сонымен қатар, Мемлекет Басшысының жарғысын орындау үшін «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 01-05/737 бұйрығымен **«СҚ-Фармация» ЖШС тиімділік бағдарламасы** шеңберінде ұсыныстарды әзірлеу және өндірімі жөніндегі жұмыс тобы бекітілді.

Бірыңғай дистрибьютор 12S бағытты қамтитын, СҚ-Фармация тиімділік бағдарламасын әзірледі. Тиімділік бағдарламасы ДЗ мен МБ сатып алу процестерін тұрақты үздіксіз жақсартуға және жетілдіруге бағытталған.



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## *Фармацевтикалық нарыққа шолу*




IQVIA халықаралық талдау компаниясының есебіне сәйкес, қазақстандық фармацевтика нарығының құндық көлемі (бөлшек сауда мен ТМККК үшін сатып алуды ескере отырып) 2023 жылда дистрибьюторлар бағасымен 987,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2022 жылда 15,4%-ға жоғары (854,79 млрд.теңге) *(бюджет сегментінің 20,1%-ға, бөлшек сауда – 12,46%-ға өсуі*), бұл ретте сатылған өнімнің заттай көріністегі (қаптамалар саны) өсуі бар болғаны 0,2%-ды құрады, бұл 1 бірлік үшін тауар құнының артқанын білдіреді. Сонымен, орташа нарықтық баға 1 бірлік үшін 15,25%-ға ұлғайған, бұл ретте бюджет сегментіндегі өсім 9,1%-ды (стационарлық нарық – 8,7%, АДҚ – 5,1%), бөлшек сегментте – 14,4%-ды құрайды.

| Нарық сегменті | 2023 ж. | | | 2022 ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы, млрд. теңгеде | Тауардың бірлік саны (млн. қапт.) | Тауардың 1 бірлігі үшін бағасы | Сомасы, млрд. теңгеде | Тауардың бірлік саны (млн. қапт.) | Тауардың 1 бірлігі үшін бағасы |
| **Бюджет сегменті** | **410,42** | **127,23** | **3 225,77** | **341,88** | **115,59** | **2 957,78** |
| *Стационар* | *187,51* | *93,98* | *1 995,29* | *159,65* | *87,00* | *1 834,94* |
| *АДҚ* | *222,92* | *33,26* | *6 702,77* | *182,23* | *28,58* | *6 375,73* |
| **Бөлшек сегменті** | **576,83** | **586,93** | **982,80** | **512,91** | **597,05** | **859,08** |
| **ЖИЫНЫ ҚР ФАРМНАРЫҒЫ** | **987,26** | **714,16** | **1 382,40** | **854,79** | **712,63** | **1 199,48** |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## *ДЗ мен МБ сатып алу жағдайы*

СТАЦИОНАР
1583
ДЗ МЕН МБ 184,9 млрд.тг.

АДҚ
638
ДЗ МЕН МБ 232,6 млрд.тг.

1800 ДЗ МЕН МБ БД ТІЗБЕСІНДЕ

ҚАЖЕТТІЛІК МӘЛІМДЕДІ 1671 ДЗ МЕН МБ

ҚАЖЕТТІЛІК ЖОҚ
129 ДЗ МЕН МБ

САТЫП АЛУДАН АЛЫНДЫ
37 ДЗ МЕН МБ*

* – 30 ДЗ мен МБ болжамды ауысу 1,6 млрд.тг. сомасына жылдық қажеттілікті жабады
- 7 ДЗ 0,2 млрд. теңге сомасына басқа сауда атауларын сатып алуға байланысты

САТЫП АЛУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҮНЕМДЕУ
21,5 МЛРД.ТГ.

БАРЛЫҒЫ САТЫП АЛЫНДЫ
1571 ▲94%
ДЗ МЕН МБ

100 сатып алу процесінде

САТЫП АЛЫНДЫ **МӘЛІМДЕЛДІ**

| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ШАРТТАР | ТІКЕЛЕЙ КЕЛІСІМШАРТТАР | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР | ЕКІ КЕЗЕҢДІ ТЕНДЕР |
|---|---|---|---|
| 758 106,7 млрд.тг. | 149 77,3 млрд.тг. | 13 4,9 млрд.тг. | 715 227,0 млрд.тг. |
| 758 ДЗ МЕН МБ | 149 ДЗ МЕН МБ | 13 ДЗ МЕН МБ | 615 ДЗ МЕН МБ |
| 100% | 100% | 100% | 86% |

Бірыңғай дистрибьютордың Тізімі ҚР ДСМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №ҚР ДСМ-88 бұйрығымен бекітілген.

Бірыңғай дистрибьютор Тізімінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың **1 800** атауы бар.

АМЖЖ деңгейінде **терапияның сабақтастығын** қамтамасыз ету үшін 2021 жылдан бастап **амбулаториялық деңгейде емделетін пациенттерге арналған барлық дәрі-дәрмектер стационарлар үшін енгізілген**. Сонымен қатар, ДЗ мен МБ-ның 129 атауы бойынша медициналық ұйымдарда 2023 жылға қажеттілік жоқ. Осылайша, стационарлық көмек шеңберінде медициналық ұйымдар 184,9 млрд. теңге сомасына 1583 ДЗ мен МБ-ға, ал амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде 232,6 млрд. теңге сомасына 638 атауға қажеттілік мәлімдеді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың **1571** атауы сатып алынды.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ДЗ, МБ 1 571 атауын сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылды:

1) ***екі кезеңді тендер*** – 615 атау;

2) ***бір көзден алу*** – 162 атау, оның ішінде:

3) ***өндірушілермен тікелей келісімшарттар бойынша*** – 149 атау;

4) ***халықаралық ұйымдар арқылы*** (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, СТОП-ТБ) – 13 атауы;

5) ***сатып алудың ерекше тәртібі*** (ҰМШ-ға қосымша келісімдер) – 758 атау;

** - ауыспалы қалдықтың болуына байланысты сатып алудан алынды – 30 атау, басқа сауда атауларын сатып алу-7 атау.*

Әлеуетті өнім берушілерден ұсыныстардың болмауына байланысты (сатып алмаудың ықтимал себептері: Қазақстанда тіркеудің болмауы, өндірістен алыну, шағын көлем, төмен баға) екі кезеңді тендер шеңберінде бірнеше рет жарияланған ДЗ мен МБ-ның 100 атауы сатып алынған жоқ. Бұл ретте, сатып алынбаған позициялар бойынша көрсетілімдер, мөлшерлемелер, дәрілік нысандар бойынша шығарылған басқа да аналогтар сатып алынды.

Сатып алу қорытындысы бойынша үнемдеу шамамен 21,5 млрд. теңгені құрады.

Осылайша, 2023 жылға 2023 жылғы мәлімделген қажеттіліктен ДЗ, МБ 94%, яғни 436,86 млрд.теңгеден астам сомаға ДЗ, МБ-ның 1571 атауын сатып алу жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, ҚР ДСМ тапсырмасы бойынша 755,45 мың теңге сомаға бірлік тізбесіне кірмейтін 4 МБ және сары безгекке қарсы Вакцина сатып алынды.

1 571 атаудың 938-сі дәрілік препараттар, 633-і медициналық бұйымдар сатып алынды. Сатып алынған 938 дәрілік препараттың 291 атауының (27,9%) Қазақстан Республикасында тіркелген аналогтары жоқ (бірегей препараттар).

2010 жылдан бастап 2023 жылына дейінгі кезеңде жергілікті коммерциялық дистрибьюторлардан сатып алу үлесінің төмендеуі, тікелей шарттар бойынша (оның ішінде халықаралық ұйымдар (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ)) және отандық өндірушілерден сатып алу үлесінің ұлғаюы байқалады.

**2010 – 2023 ж. БД сатып алу динамикасы (млрд.тг.)**




Бірыңғай дистрибьютор жұмысының нәтижесінде 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде 2,5 трлн. теңге немесе $7,5 млрд. астам сомаға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар орталықтандырылып сатып алынды.

2023 жылда ең көп сұранысқа ие он препараттың жиынтық үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС өңірлердің медициналық ұйымдарына стационарлық және амбулаториялық деңгейде жөнелткен жалпы көлемнің 17%-ын құрады.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ТОП-10 ДЗ Саудалық атаулары**

| № | Саудалық атауы | 2022 ж., млн.тг. | 2023 ж., млн.тг. | 2022 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Китруда | 7 530,25 | 11 271,01 | 50% | 3% |
| 2 | Гексаксим® | 10 014,63 | 10 448,52 | 4% | 2% |
| 3 | Превенар 13® | 9 727,03 | 10 350,96 | 6% | 2% |
| 4 | Спинраза™ | 4 686,72 | 8 708,90 | 86% | 2% |
| 5 | Симпони® | 6 357,35 | 7 461,62 | 17% | 2% |
| 6 | Пентасим | 8 013,33 | 7 181,13 | -10% | 2% |
| 7 | Револейд™ | 5 389,88 | 6 709,00 | 24% | 2% |
| 8 | Вакцина против кори, паротита и краснухи живая аттенуированная | 1 034,39 | 6 676,07 | 545% | 2% |
| 9 | Виктоза® | 4 340,26 | 6 012,89 | 39% | 1% |
| 10 | Бевацизумаб | 4 168,55 | 5 928,22 | 42% | 1% |
| | **ТОП-10** | | **80 748,33** | | **18%** |
| | **Барлығы сатып алынды** | | **436 855,23** | | |

2022 жылда жөнелту нәтижелері бойынша ТОП-10-да бірінші орында Ирландия МСД (Карлоу) өндірген Китруда ісікке қарсы препаратына тиесілі болды.

Тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша Бірыңғай дистрибьюторды жөнелту қорытындысы бойынша екінші орынды дифтерияға, сіреспеге, көкжөтелге, В гепатитіне, полиомиелитке және конъюгацияланған b типті Haemophilus influenzae гемофильді инфекцияға қарсы Гексаксим вакцинасы (адсорбцияланған) иеленді.

2023 жылының қорытындысы бойынша Бірыңғай дистрибьютор 436,86 млрд.теңге сомасына ДЗ мен МБ нақты сатып алды., бұл ретте 45% (197,8 млрд.тг.) жергілікті дистрибьюторлар арқылы жеткізіледі, он ірі дистрибьютордың жиынтық үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС сатып алудың жалпы көлемінің 39%-ын құрады.

**Дистрибьюторлар арасында ТОП-10 ірі өнім берушілер**

| № | Өнім беруші | 2022 ж., млн.тг. | 2023 ж., млн.тг. | 2022 ж. қарай өсу | Барлық сатып алудан үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ТОО "Медсервис Плюс КФК" | 31 870,91 | 35 319,08 | -12% | 8% |
| 2 | ТОО «АК НИЕТ» | 25 121,69 | 29 900,67 | -29% | 7% |
| 3 | ТОО «СТОФАРМ» | 22 736,38 | 23 200,47 | -5% | 5% |
| 4 | KNYAZ PHARMA LTD | 20 651,17 | 19 178,80 | -48% | 4% |
| 5 | ТОО «Р-Фарм Казахстан» | 11 911,68 | 14 993,26 | | 3% |
| 6 | ТОО "SWIXX BIOPHARMA" | | 12 435,08 | -7% | 3% |
| 7 | ТОО «Ново Нордиск Казахстан» | 4 927,17 | 11 737,62 | 61% | 3% |
| 8 | ТОО «INKAR» | 11 034,89 | 8 786,81 | -31% | 2% |
| 9 | ТОО «Такеда Казахстан» | 5 543,24 | 7 581,12 | -6% | 2% |
| 10 | ТОО «ОАД-27» | 6 484,89 | 6 681,65 | -16% | 2% |
| | **ТОП-10** | | **169 814,57** | | **39%** |
| | **ДИСТРИБЬЮТОРЛАРДАН БАРЛЫҚ САТЫП АЛУ** | | **197 839,10** | | **45%** |
| | **БАРЛЫҚ САТЫП АЛУ** | | **436 855,23** | | |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2023 жылының қорытындысы бойынша он ірі өндірушінің үлесі «СҚ-Фармация» ЖШС жалпы сатып алуының 42%-ын құрады, онда Санофи мен Янссен басып озып, Нобел көшбасшы болып шықты.

**ТОП-10 ірі өндірушілер**

| № | Өндіруші | 2022 ж., млн.тг. | 2023 ж., млн.тг. | 2022 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нобел | 22 066,83 | 26 420,49 | 20% | 6% |
| 2 | Санофи | 25 092,67 | 24 771,66 | -1% | 6% |
| 3 | Янссен | 7 860,74 | 20 237,05 | 157% | 5% |
| 4 | Химфарм | 18 676,55 | 19 699,23 | 5% | 5% |
| 5 | КФК | 13 617,14 | 17 774,28 | 31% | 4% |
| 6 | Пфайзер | 15 768,61 | 17 277,80 | 10% | 4% |
| 7 | Бакстер | 14 697,97 | 16 654,08 | 13% | 4% |
| 8 | Рош | 13 102,68 | 14 875,95 | 14% | 3% |
| 9 | Веттер | 14 203,37 | 14 525,19 | 2% | 3% |
| 10 | Астразенека | 8 576,58 | 12 472,03 | 45% | 3% |
|  | **ТОП-10** |  | **184 707,77** |  | **42%** |
|  | **Барлығы** |  | **436 855,23** |  |  |

Сатып алу қорытындысы бойынша сатып алудың жалпы көлеміндегі үлес мөлшері бойынша **1-орын отандық өнімге** тиесілі болды, **2-орынды** тапсырыс берушілер **неміс өнімін** сатып алды. Сатып алу қорытындысы бойынша ТОП-10 елдің үлесі жалпы көлемнің 88%-ын құрады.

**Сатып алу қорытындысы бойынша ТОП-10 ел**

| № | Ел | 2022 ж. , млн.тг. | 2023 ж. , млн.тг. | 2022 ж. қарай өсу | үлес | ДЗ және МБ атау. саны | ДЗ және МБ атау. бойынша үлесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Казахстан | 131 414,97 | 137 554,25 | 5% | 31% | 969 | 62% |
| 2 | Германия | 51 042,16 | 58 380,73 | 14% | 13% | 115 | 7% |
| 3 | Швейцария | 29 132,24 | 28 477,78 | -2% | 7% | 30 | 2% |
| 4 | Италия | 20 317,44 | 27 287,56 | 34% | 6% | 30 | 2% |
| 5 | Франция | 25 533,96 | 25 539,67 | 0% | 6% | 42 | 3% |
| 6 | Ирландия | 20 567,88 | 24 921,15 | 21% | 6% | 17 | 1% |
| 7 | США | 18 408,74 | 21 130,83 | 15% | 5% | 21 | 1% |
| 8 | Үндістан | 13 147,53 | 19 827,33 | 51% | 5% | 136 | 9% |
| 9 | Австрия | 9 324,77 | 10 254,61 | 10% | 2% | 18 | 1% |
| 10 | Швеция | 6 598,61 | 9 888,60 | 50% | 2% | 7 | 0% |
|  | **ТОП-10** |  | **363 262,50** |  | **83%** | **1 385** | **88%** |
|  | **БАРЛЫҒЫ** |  | **436 855,23** |  |  | **1 571** |  |

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Осылайша, Бірыңғай дистрибуция ТМККК шеңберінде фармацевтикалық өнім бағасының өсуін тежеп, жергілікті коммерциялық дистрибьюторлар түріндегі делдалдардың үлесін азайта отырып, орталықтандырылған сатып алу есебінен тәуекелдерді барынша азайту құралы ретінде өзін толық көлемде ақтады.

БД құрылған сәттен бастап ТМККК шеңберінде дәрілік қамтамасыз етуге бөлінген қаражаттың жалпы үнемделуі 214,4 млрд. теңгені құрады. Қаражатты үнемдеудің ұлғаю үрдісі байқалады, 2010 жылмен салыстырғанда 2023 жылда үнемделген қаражат көлемі абсолюттік мәнде 3,7 есе өсті.




Осылайша, үнемдеу сатып алуды орталықтандыру және барлық өңірлерден қажеттілік көлемін шоғырландыру арқылы қол жеткізіледі. Бүкіл республика үшін көлем орталықтандырылған түрде сатып алынған кезде өнім берушілер бағаның айтарлықтай төмендетеді. Міне, бөлінген бюджет пен іс жүзінде пайдаланылған сома арасындағы айырмашылық үнемдеуді құрайды. Босатылған айырмашылықты медициналық ұйымдар дәрі-дәрмектердің қосымша көлемін сатып алуға пайдаланады, осылайша халықтың дәрі-дәрмектерге қол жетімділігі мен халықты онымен қамтуды арттырады.

## *ДЗ мен МБ-ны медициналық ұйымдарға жөнелту*

2023 жылдың басынан бастап Бірыңғай дистрибьютор мәлімделген көлемге сәйкес медициналық ұйымдарға амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде ДЗ мен МБ жөнелту рәсімін бастады. Бірыңғай дистрибьютор 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АДҚ шеңберінде 229,08 млрд. теңгеден астам сомаға ДЗ мен МБ жөнелтті. Бұл ретте медициналық ұйымдар «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» ақпараттық жүйесінде 229,08 млрд. теңге сомасына рецептілерді қамтамасыз етті (*ТМККК шеңберінде – 218,87 млрд.тг, МӘМС шеңберінде – 10,21 млрд. тг.*)

Бірыңғай дистрибьютор 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стационар шеңберінде 207,77 млрд. теңгеден астам сомаға ДЗ мен МБ жөнелтті.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

| | Өңірлер ҚР ДСМ алдын ала бағасы бойынша мәлімдеген | Қосымша көлеммен жеткізу бағасы бойынша сатып алынғаны | МҰ-ға жөнелтілді | ДҚАЖ-да қамтамасыз етілген |
|---|---|---|---|---|
| | 1671 ДЗ мен МБ | 1571 ДЗ мен МБ | 1571 ДЗ мен МБ | 600 ДЗ мен МБ |
| АДҚ | 232,6 млрд.тг. | 436,86 млрд.тг. | 229,08 млрд.тг. | 229,08 млрд.тг.<br>ТМККК 218,87 млрд.тг.<br>МӘМС 10,21 млрд.тг. |
| СТАЦИОНАР | 184,9 млрд.тг. | | 207,77 млрд.тг. | |

## *Бірыңғай дистрибьютор қызметінің шеңберінде амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету*

Бірыңғай дистрибьютор 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық амбулаториялық тізбені орталықтандырылған сатып алуды жүргізеді. Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде барлық амбулаториялық тізбені орталықтандырылған сатып алу 2018 жылы ел бюджетін 23,4 млрд. теңге мөлшерінде үнемдеуге мүмкіндік берді.

Жыл сайын мемлекет амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуге қаржыландыруды ұлғайтады, нозологиялар мен халықты қамту ұлғаюда.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда МӘМС жүйесі енгізілді, бұл қосымша 105 нозологияны қамтуға мүмкіндік берді.

Осылайша, ТМККК және МӘМС шеңберінде нозологияларды қамтуды **45**-тен **131** нозологияға дейін **3** есеге **кеңейтуге қол жеткізілді**.

Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ – 75 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған ДЗ мен МБ Тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**ТОП-10 нозологияны** емдеуге арналған шығыстар **168,09 млрд. теңгені** немесе амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде дәрілік қамтамасыз етуге арналған жалпы шығынның 73%-ын **құрайды**.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Шығыстар сомасы бойынша ТОП 10 нозология**

| № | Жол атаулары | ТМККК/ МӘМС белгісі | 2022 ж., млн.тг. | 2023 ж., млн.тг. | 2022 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қант диабеті | ТМККК, МӘМС | 38 554,56 | 45 565,55 | 18% | 20% |
| 2 | Онкологиялық аурулар | ТМККК, МӘМС | 28 215,03 | 30 574,59 | 8% | 13% |
| 3 | Қатерлі ісіктер | ТМККК, МӘМС | 19 850,25 | 22 482,52 | 13% | 10% |
| 4 | Қан ұю факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы | ТМККК | 13 893,99 | 15 956,55 | 15% | 7% |
| 5 | Артериялық гипертензия | ТМККК, МӘМС | 13 003,44 | 15 402,08 | 18% | 7% |
| 6 | Ревматоидтық артрит | ТМККК, МӘМС | 8 616,45 | 9 784,79 | 14% | 4% |
| 7 | Жұлын бұлшықет атрофиясы | ТМККК | 4 686,72 | 8 708,90 | 86% | 4% |
| 8 | Мукополисахаридоз | ТМККК | 9 190,57 | 8 492,60 | -8% | 4% |
| 9 | Психикалық аурулар | ТМККК, МӘМС | 6 371,98 | 5 951,41 | -7% | 3% |
| 10 | Жайылмалы беріш | ТМККК | 4 744,37 | 5 168,52 | 9% | 2% |
| | **ТОП-10** | | | **168 087,51** | | **73%** |
| | **Барлығы** | | | **229 077,11** | | |

Бұл ретте ТОП 10 нозология науқастар саны бойынша ТОП 10 нозологиядан шығыстар сомасы бойынша ерекшеленеді және амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етілген барлық науқастардың 85%-ын құрайды.

**Науқастар саны бойынша ТОП 10 нозология***

| № | Нозология | ТМККК / МӘМС белгісі | 2022 ж. қамтамасыз етілген пациенттер саны | 2023 ж. қамтамасыз етілген пациенттер саны | 2022 ж. қарай өсу | үлес |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Артериялық гипертензия | ТМККК, МӘМС | 1 423 423 | 1 247 742 | -12% | 36% |
| 2 | Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) | ТМККК, МӘМС | 564 522 | 494 309 | -12% | 14% |
| 3 | Қант диабеті | ТМККК, МӘМС | 505 642 | 437 210 | -14% | 13% |
| 4 | Төменгі тыныс жолдарының респираторлық жіті жұқпасы | МӘМС | 241 856 | 214 333 | -11% | 6% |
| 5 | Гипотиреоз / Гипертиреоз / Гипопаратиреоз | ТМККК, МӘМС | 139 953 | 123 784 | -12% | 4% |
| 6 | Созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі | ТМККК, МӘМС | 101 442 | 97 803 | -4% | 3% |
| 7 | Бронх демікпесі | ТМККК, МӘМС | 98 480 | 94 402 | -4% | 3% |
| 8 | Жоғары тыныс жолдарының респираторлық жіті жұқпасы | ТМККК, МӘМС | 118 354 | 87 098 | -26% | 3% |
| 9 | Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы | ТМККК, МӘМС | 80 324 | 68 510 | -15% | 2% |
| 10 | Эпилепсия | ТМККК, МӘМС | 81 810 | 67 316 | -18% | 2% |
| | **ТОП - 10** | | | **2 932 507** | | **85%** |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | | **3 438 909** | | |

** - бірегей пациенттердің саны төлем түрін (ТМККК/МӘМС), ҚР аумағын және нозологияны ескере отырып есептелді.*

Осылайша, 2023 жылында 2,44 млн. пациентке 229,08 млрд. теңгеден астам сомаға 17,1 млн. астам рецепт жазылды. Бұл орташа есеппен **күн сайын 47,5 мыңға жуық рецепт жазылып, дәрі-дәрмек босатылатындығын көрсетеді.**

2023 жылында тегін дәрі-дәрмектермен **3 млн 439 мыңнан астам халық** қамтылды, оның ішінде 651 мыңы енгізілген МӘМС жүйесінің шеңберінде.

## *Отандық тауар өндірушілерді қолдау*

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 248-бабының 4-тармақшасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу қағидаттарының бірі отандық тауар өндірушілерді қолдау болып табылады. Осы қағидатты іске асыру үшін 110 Сатып алу қағидаларында Бірыңғай дистрибьютор жүйесінде өздері өндіретін өнімді сатып алу бойынша отандық фармацевтикалық өндірісті қолдау үшін 2-тарау көзделген.

ДЗ мен МБ сатып алуда отандық өндірушілерге тендерлік рәсімдерде артықшылықтар беріледі, егер отандық өндірушінің тендерге қатысуы кезінде өзге өнім берушілердің өтінімдері қаралмаса. 110 Сатып алу қағидаларында 10 жыл мерзімге отандық өнімді берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу мүмкіндігі көзделген. Бұл дерек отандық кәсіпорындарға өзінің фармацевтикалық өндірісін дамыту үшін қуатты ынталандыру мен берік тұғырнама береді.

Отандық тауар өндірушілерді және кәсіпкерлік бастаманы қолдау - Бірыңғай дистрибьютор қызметінің басты бағыттарының бірі.

2009-2023 жылдығы кезеңінде Бірыңғай дистрибьюторды сатып алуда қазақстандық препараттар үлесінің жоспарлы өсуі байқалады. Отандық препараттардың басым бөлігі ОТӨ-мен 10 жылға ұзақ мерзімді шарттар жасасу арқылы сатып алынады.

Егер 2010 жылы отандық өндірушілердің ақшалай мәндегі үлесі 15%-ды (4,8 млрд. теңге сомасына) құраса, 2023 жылының қорытындысы бойынша ақшалай мәндегі сатып алу үлесі 2 есеге өсіп, 31%-ды құрады (137,55 млрд. теңге сомасына).

**2010 – 2023 жылғы кезеңінде ОТӨ-ден БД сатып алу серпіні**

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ




**2020 – 2023 жж. ҰМШ шеңберінде ОТӨ-ден БД сатып алу серпіні**




2023 жылы сатып алынған ДЗ, МБ ОТӨ-ден 79% (108,81 млрд. теңге) ұзақ мерзімді шарттар арқылы сатып алынды.

**АТХ топтары бөлінісінде атауларды ОТӨ-нің жабуы**




2023 жылдың АТХ бөлінісінде (оның ішінде МБ) ОТӨ-нің жабуын талдау (жөнелту дерегі + АДҚ қамтамасыз ету) мынаны көрсетті:

- ОТӨ-нің 50%-дан астамы 6 топта жабылады:

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- **медициналық бұйымдар:** Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 611 атаудың 598-сі;
- **жүрек-қантамыр жүйесіне әсер ететін дәрі-дәрмектер**: Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 82 атаудың 50-і;
- **сезім органдарына әсер ететін дәрі-дәрмектер**: 9 өндірістің 5 атауы Қазақстан;
- **тірек-қимыл аппаратына әсер ететін дәрі-дәрмектер**: 39 өндірістің 20 атауы Қазақстан;
- **дерматологиялық құралдар**: Қазақстан өндіретін БД тізбесі бойынша сатып алынатын 16 атаудың 8-і;
- **паразиттерге қарсы дәрілік заттар, инсектицидтер және репелленттер:** Қазақстан өндірісінің 6-нан 3 атау.

• ОТӨ-нің 15 тобының 12-інде БД тізбесі бойынша сатып алынатын ДЗ атауларының 30%-дан астамы өндіріледі.

Осылайша, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің тапсырмасын іске асыру үшін ОТӨ-мен 50%-ын жабуға сапалы қол жеткізу үшін ОТӨ-нің 30%-дан кем ДЗ атауларының үлесі бар 5 топтан тұратын ДЗ-ны оқшаулау туралы мәселені қарау қажет.

Бүгінгі күні **35 отандық тауар өндірушілермен** дәрілік заттардың 640 атауын және 3 768 медициналық бұйымдарды жеткізуге жасалған **95 ұзақ мерзімді шарт** қолданыста, ұзақ мерзімді шарттар жасалды.

2020 жылдан бастап алғаш рет Ұзақ мерзімді шарттарды бұзу бойынша жұмыс жүргізілді. Бірыңғай дистрибьютор 416 ДЗ және 480 МБ 23 ОТӨ-мен өндіріс жолға қойылмаған 29 ҰМШ бұзды.

ҰМШ шеңберіндегі ОТӨ портфелі 75,19% таблетка түріндегі дәрі-дәрмектерден тұрады, инъекциялық шығару нысандары тек 24,44% құрайды.

ҰМШ бойынша МБ номенклатурасы 60,99% эндопротездеуге арналған МБ-дан тұрады. Диагностикада қолданылатын медициналық бұйымдар тек 25,18% құрайды.

Осылайша, бүгінгі күні салада мынадай проблемалар бар:

- ДЗ мен МБ 85% атауынан астамы ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде МБ-ға жасалған;
- 95 ҰМШ-тың тек 29 ҰМШ іске асырылды;
- Қазақстанның ғылыми қауымдастығының өндірушілермен арасындағы өзара әрекеттің болмауы;
- фармацевтика саласындағы ғылыми-зерттеу, білім беру әлеуетінің төмен деңгейі, сондай-ақ оларды қаржыландырудың қалдық қағидаты;
- субстанциялар мен бірегей препараттардың өндірісінің болмауы;
- ОТӨ портфелі төменгі табысты генеритикалық препараттарымен ұсынылған.

Осыған байланысты «СҚ-Фармация» ЖШС ұзақ мерзімді шарт бойынша мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін бірқатар шаралар ұсынды, атап айтқанда:

- ҰМШ ағымдағы портфелінің ревизиясы және диагностикасы: Клиникалық хаттамалар бойынша қажеттілікті ОТӨ қамтуын айқындау үшін ҰҒДСДО тарапынан ҰМШ бойынша алынған барлық позицияларды талдау;

- фармацевтикалық нарықтың дамуын болжамдау: ДЗ, МБ 10-жылдық тұтыну болжамы негізінде Қазақстанның фармацевтикалық нарығының даму стратегиясын әзірлеу;
- ДЗ, МБ номенклатурасын қалыптастыру бойынша тәсілдерді өзгерту: ҚР-дағы сырқаттанушылықтың және ДЗ мен МБ-ды тұтынудың орта мерзімді болжамын ескере отырып, ҰҒДСДО деңгейінде ОТӨ-мен ҰМШ жасасу үшін ДЗ мен МБ номенклатурасын әзірлеу және бекіту;
- Қазақстанда өндірілетін ДЗ, МБ сапасы мен қауіпсіздігі: Фармацевтикалық инспекторат жұмысын белсендіру, ОТӨ-нің жеткізілетін ДЗ, МБ қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін күшейту, «Сертификат CT-KZ» құралын қайта жүктеу;
- Қазақстанның аумағында биотехнологияларды дамыту: Жоғары технологиялық, қымбат тұратын препараттар өндірісін дамытуға бағытталған фармацевтика өнеркәсібін дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатын қалыптастыру.

Ұсынылып отырған шараларды іске асыру Қазақстан аумағында өндірістерді жергіліктендіру деңгейінің өсуіне, фармацевтика өнеркәсібінде қосылған құн тізбегін құруға ықпал етеді, отандық өнімнің сапасын арттыруды, технологиялар трансферті мен жаңа әзірлемелерді ескере отырып, оның ассортиментін кеңейтуді және нысаналы индикаторға ОТӨ үлесінің 50% - на дейін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

## *Медициналық фармацевтикалық кластерлерді дамыту*

Фармацевтика өнеркәсібін дамытудың 2025 жылға дейінгі Үкімет қабылдаған кешенді жоспарының негізгі бағыттарының бірі фармацевтика ғылымын дамыту және әлемдік ойыншылардың қатысуымен жаңа өндірістер ашу болып табылады.

Осыған байланысты отандық ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми зертханаларды, ірі медициналық жоғары оқу орындарын, отандық өндірістік алаңдарды тарту арқылы фармацевтикалық кластерлерді құру, инвестициялық жобаларды қолдау институттарын, жергілікті атқарушы органдарды тарту, сондай-ақ R&D орталықтарының типі бойынша еркін экономикалық және индустриялық аймақтарда кластерлерді орналастыру орынды болып көрінеді. Бұдан басқа, медициналық жабдықтар мен шығын материалдарын өндіру белсенді дамитын болады.

Ел Президенті отандық өндірушілермен оффтейк-келісімшарттардың көлемі мен номенклатурасын кеңейтуді тапсырды. Бұл салалар инвестициялар үшін ашық және мұндай жобалар мемлекет тарапынан толық қолдауға ие болады.

Қазіргі уақытта Ақтөбе, Астана және Шымкент қалаларында 3 кластерлік аймақ қарастырылуда.

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ




Бірыңғай дистрибьютор Оңтүстік Кореяның Денсаулық сақтау Индустриясын Дамыту Институтының көмегімен Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында медициналық-фармацевтикалық кластерлерді құру және әзірлеу шеңберінде ынтымақтастық мәселелері бойынша ірі кореялық фармацевтикалық кластерлермен дөңгелек үстел өткізді. Өткізілген дөңгелек үстелдің нәтижелері бойынша Бірыңғай дистрибьютор қымбат тұратын инновациялық өнімдер өндірісін дамыту, саланы технологиялар трансфері, оны цифрландыру бағытында ілгерілету жөнінде ұсыныстар әзірледі.

27-30 маусымнан бастап қазақстандық делегация Оңтүстік Кореяның медициналық фармацевтикалық кластерлерінің және медициналық техника өндірісінің жобаларын пысықтау және жұмысын зерттеу үшін жұмыс сапарымен Оңтүстік Кореяға барды.

Жұмыс сапарын ҚР Вице-Премьері Р. Скляр мен ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Ғинияттың тапсырмасымен Оңтүстік Кореяның Денсаулық сақтау Индустриясын Дамыту Институты - Korean Health Industry Development Institute (KHIDI) және ҚР Кореядағы Елшілігінің қолдауымен «СҚ-Фармация» Бірыңғай дистрибьюторы ұйымдастырды.



Қазақстандық делегация құрамына Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының, Оңтүстік Қазақстанның фармацевтикалық кластерінің, «СҚ-Фармация ЖШС, «Ordamed» АҚ, «Dolce-Pharm» брендімен «Dolce» Компаниялар тобының өкілдері кірді.

Сапар барысында қазақстандық делегация Сонгдо мен Технодолин Вончжудың ірі корей медициналық фармацевтикалық кластерлеріне барды.

Қазіргі уақытта KHIDI ғалымдар мен менеджерлер тобы Қазақстан үшін кластерлік инфрақұрылым моделін құру бойынша жұмыс істеуде және оны ағымдағы жылдың қыркүйек айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынуды жоспарлап отыр.

Бұл маңызды стратегиялық бағыт бірден бірнеше әлеуметтік маңызды міндеттерді шешеді. Бұл жаңа жұмыс орындарының ашылу мәселесі, ғылыми базаның деңгейін арттыру, GMP стандарттарына көшу, инновациялық препараттарды жасау, отандық фармацевтика саласын танымал ету және, әрине, кластер салынып жатқан аймақтың

экономикалық дамуы. Еліміздің әртүрлі өңірлерінде кластерлер құру төңірегінде қазақстандық компаниялардың күш-жігерін біріктіру және оларды мемлекет тарапынан да, жеке капитал тарапынан да дамытуға инвестициялау импортты алмастыратын өнім өндірісінің өсуін және Қазақстан аумағында фармацевтикалық зауыттар салуға шетелдік компанияларды тартуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында медициналық-фармацевтикалық кластерлер мекемесінің бастамасын дамыта отырып, Бірыңғай дистрибьютор Астана, Ақтөбе және Шымкент қалаларында кластерлердің жоғарғы деңгейлі құрылымын әзірледі.

Бұл өңірлер өңірде халыққа жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін ірі медициналық және техникалық жоғары оқу орындарының, өндірістік алаңдардың және клиникалық базалардың болуына байланысты таңдалды.

Осыған байланысты 2022 жылғы 21 қазанда ҚРДСМ «Инновациялық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әзірлеу бойынша медициналық-фармацевтикалық кластерлерді қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы» № 828 бұйрығы бекітілді.

## *Бірыңғай дистрибьютор деңгейінде медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың 2022 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «СҚ-Фармация» ЖШС-мен бірлесіп Бірыңғай дистрибьютор базасында медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру бойынша белсенді жұмысы жүргізілуде.

«СҚ-Фармация» ЖШС-нің базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алуды екі кезеңде жүзеге асыру жоспарлануда.

I-кезең – 2022 жыл – медициналық техниканы сатып алуды орталықтандыру (пилоттық жоба);

II-кезең – 2023 жылдан бастап-оқшаулау/келісімшарттық өндіріс, медициналық техниканың өмірлік келісімшарттар циклінің талаптарында ұзақ мерзімді шарттар жасасу.

| САТЫП АЛУ ЖОСПАРЛАНУДА | САТЫП АЛЫНДЫ | ҮНЕМДЕУ | САТЫП АЛЫНҒАН ЖОҚ |
|---|---|---|---|
| 559 МТ | 525 МТ | 6,8 % | 34 МТ |
| 67,49 млрд.тг. | 59,7 млрд.тг. | 4,3 млрд.тг. | 3,5 млрд.тг. |

«СҚ-Фармация» ЖШС базасында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алу шеңберінде (ДСБ, тапсырыс берушілерден алынған ақпараттар бойынша) 2023 жылы:

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

БФАЖ-ға өтінім берілді (ДСБ, Тапсырыс берушілер) – МТ 559 бірлігіне:

1. СҚФ **67 494 419 741 теңге** сомаға медициналық техниканың **559 бірлігіне 27 тендер** жариялады.

2. Медициналық техниканың **525 бірлігі** сатып алынды: медициналық техниканы сатып алуға бөлінген сома **63 984 510 990 теңге**, аукцион қорытындысы бойынша сатып алу сомасы **59 653 362 730 теңгені** құрады, үнемдеу **4 331 148 260 теңге – 6,8 %** құрады оның бағаны төмендету бойынша келіссөздер шеңберінде – **41 448 802 теңге**.

3. **34 бірлік** бойынша медициналық техниканы сатып алу өтпеді *(бөлінген сома 3 509 908 752 теңге)*, оның:

- **медициналық техниканың 1 бірлігі тендерден алынды** *(өнім беруші ақысыз негізде ұсынды);*
- **Медициналық техниканың 33 бірлігі бойынша сатып алу** бәсекелестік ортаның болмауы, тапсырыс берушілердің өтінімді кеш мерзімде беруі себебінен өтпеді *(жыл соңына дейін медициналық жабдықты жеткізуді жүзеге асырмау тәуекелі).*

**4. медициналық техниканың 495 бірлігі жеткізілді.**

**5. 4,6 млрд. теңге сомаға медициналық техниканың 30 бірлігі жеткізілмеді.**

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## *Қаржылық қызметтің нәтижелері*

Серіктестіктің 2023 жылғы жалпы табыс көрсеткіші 441,16 млрд. теңгені құрады, оның ішінде:

- ДЗ мен МБ өткізуден түскен табыс 424,08 млрд. теңгені құрады, 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 400,97 млрд. теңге, 5,76%-ға өсім байқалады.

- қаржылық табыс – 5,62 млрд. теңге, өткен жылмен салыстырғанда (1,96 млрд. теңге) 2,9 есе ұлғайты.

- басқа кірістер - 11,46 млрд. теңге, 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – 8,43 млрд. теңге, 35,94% -ға ұлғайты.

Депозиттік шоттарда және ЕДБ-де овернайтта орналастырылатын уақытша бос ақша қаражатының көлемін ұлғайту есебінен қаржылық кірісті ұлғайту.

Сондай-ақ Серіктестіктің жалпы шығыстарының 2022 жылғы 400,93 млрд.теңгеден 2023 жылғы 426,86 млрд.теңгеге дейін өсуі де байқалады. 2022 жылының көрсеткішімен салыстырғанда 6,47%-ға төмендеу.

2023 жылы шығындардың мақсаты бойынша бөліністегі Серіктестіктің жалпы шығыстарының сомасы:

- сатылған өнімнің өзіндік құны 407,96 млрд.теңгені құрады. Өнімнің өзіндік құнының 2022 жылмен салыстырғанда 6,32%-ға ұлғайту – 383,71 млрд. теңге;

- 2023 жылға өткізу бойынша шығыстар 8,49 млрд. теңгені құрады, өткізу бойынша шығыстардың өсуі 1,07 % құрады, 2022 жылмен салыстырғанда – 8,40 млрд. теңге;

- 2023 жылғы жалпы әкімшілік шығыстар 2,06 млрд. теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 4,56%-ға ұлғайды – 6,85 млрд. теңге;

- негізгі қызмет түрінің өзге де шығындары 8,35 млрд. теңгені құрады, бұл шығыстардың 2022 жылмен салыстырғанда ұлғаюын көрсетеді – 6,85 млрд. теңге.

31.12.2023 ж. жағдай бойынша медициналық ұйымдардың дебиторлық берешек сомасы 16,3 млрд. теңге.

## *Ақша ағындарын басқару*

Серіктестік уақытша бос ақшаны басқаруды «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 960 қаулысына, Серіктестіктің Бақылау кеңесі бекіткен ТІМ басқару қағидаларына және сондай-ақ өзге де ішкі серіктестік құжаттарымен сәйкес жүзеге асырады.

Бухгалтерлік есепке алу деректеріне сәйкес 31.12.2023 жылға ақшалай қаражаттың қалдығы 47,9 млрд. теңгені, 31.12.2022 гжылға 20,5 млрд. теңгені құрады. Ақша ағындарының біркелкі болмауын есепке ала отырып талдау жүргізу үшін жыл бойы ақшалай қаражаттың орташа қалдығын есептеу жүргізілді:

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Табыстың ішкі мөлшерлемесінің орташа жылдық қалдығы (млн. теңге)**

| Кезең | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 қаңтар | 32 443 | 12 645 | 20 116 | 14 951 | 13 605 | 20 510 |
| 1 ақпан | 26 852 | 17 442 | 26 989 | 34 043 | 38 158 | 45 475 |
| 1 наурыз | 27 067 | 30 676 | 36 583 | 40 729 | 28 088 | 44 205 |
| 1 сәуір | 34 063 | 24 337 | 30 355 | 30 680 | 30 483 | 63 245 |
| 1 мамыр | 26 592 | 19 014 | 48 166 | 37 547 | 15 781 | 66 602 |
| 1 маусым | 26 763 | 13 122 | 34 935 | 21 673 | 8 096 | 45 770 |
| 1 шілде | 8 684 | 15 586 | 42 430 | 6 911 | 1 623 | 38 302 |
| 1 тамыз | 756 | 10 005 | 39 992 | 38 386 | 160,1 | 44 758 |
| 1 қыркүйек | 8 755 | 10 352 | 33 957 | 17 266 | 85,3 | 34 027 |
| 1 қазан | 19 708 | 5 575 | 29 536 | 18 291 | 35 305 | 38 081 |
| 1 қараша | 14 965 | 11 276 | 15 880 | 6 057 | 19 023 | 24 367 |
| 1 желтоқсан | 305 | 10 903 | 5 075 | 11 456 | 14 490 | 20 315 |
| **Жыл соңына** | **12 645** | **20 116** | **14 951** | **13 605** | **20 510** | **47 940** |
| **Орташа** | **18 431** | **15 465** | **29 151** | **22 430** | **17 339** | **41 046** |

Сондай-ақ стационарлардан түскен түсім де жыл бойы біркелкі емес, бұл динамика соңғы үш жыл бойы сақталуда, бұл ретте тапсырыс берушілердің 31.12.2023 жылға дебиторлық берешегі 16,3 млрд теңгені құрады (31.12.2022 ж. – 20,6 млрд. теңге).

**Стационарлардан түскен түсім, млн. теңге**




ДЗ мен МБ өткізуден түскен ақша қаражатының біркелкі емес түсімінде ЕДБ-дегі депозиттік және есеп айырысу шоттары бойынша сыйақылардан түсетін табыстың оң динамикасы бар.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ЕДБ-дегі шоттар бойынша сыйақылар динамикасы, млн. теңге**

| Кезең | Сыйақы түріндегі кірістер | Депозиттік шоттар бойынша Сальдо |
|---|---|---|
| | KZT | KZT |
| Қаңтар | 307 956 | 45 474 742 |
| Ақпан | 499 908 | 44 204 875 |
| Наурыз | 700 686 | 63 245 135 |
| Сәуір | 730 919 | 66 601 906 |
| Мамыр | 822 842 | 45 770 446 |
| Маусым | 527 633 | 38 302 494 |
| Шілде | 287 011 | 44 757 935 |
| Тамыз | 475 033 | 34 026 613 |
| Қыркүйек | 346 887 | 38 081 057 |
| Қазан | 367 929 | 24 366 875 |
| Қараша | 214 183 | 20 314 654 |
| Желтоқсан | 266 475 | 47 940 699 |
| **Барлығы** | **5 547 463** | **47 940 699** |

Талдау үшін оң және теріс ақша ағындарының мөлшерінің арақатынасының коэффициентіне де есептеу жүргізіледі, бұл ұйымның талданатын кезеңдегі жылдың басында болған қалдық пен ақша ағыны есебінен ғана ақша қаражаттарының төленуін қамтамасыз ету мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді. 2023 жылға бұл коэффициент 1,09 құрады және өткен жылмен салыстырғанда 3,8% өсті.

**Ақша ағындары мөлшерінің арақатынасының коэффициенті, теңгемен**

| Кезең | Ақшаның оң ағыны | Ақшаның жағымсыз ағыны | Ктқ1 = АОА/АЖА |
|---|---|---|---|
| 2019 год | 198 755 627,87 | 181 367 455,32 | **1,10** |
| 2020 год | 272 177 402,50 | 272 626 465,77 | **1,00** |
| 2021 год | 462 569 218,45 | 464 169 236,19 | **1,00** |
| 2022 год | 394 513 048,50 | 375 646 429,27 | **1,05** |
| 2023 год | 432 250 098,63 | 394 975 137,93 | **1,09** |
| **Барлығы** | **1 760 265 395,95** | **1 688 784 724,48** | **1,04** |

2023 жылдың қорытындысы бойынша оң ақша ағыны 37,7 млрд. теңгеге немесе 9,57% өсті. Өсім уақытша бос ақша көлемінің өзеруімен байланысты, мәселен «Медициналық әлеуметтік сақтандыру қоры» КеАҚ (бұдан әрі – ӘМСҚ) 2023 жылы ТМККК (10.05.2023 жыл) шеңберінде 214,67 млрд. теңгенің (аванс сомасы – 64,4 млрд. теңге) толық сомасына уақтылы шарт жасасты, ал 2022 жылы ТМККК шеңберінде 95,27 млрд. теңге сомасына шарт жасалған болатын және  66,67 млрд. теңге аванс сомасына қосымша келісім 2022 жылдың 6 қыркүйегінде ғана жасалды.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

**«ӘМСҚ» КеАҚ-дан түскен түсім, млн. теңге**




2023 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық табыстың 2022 жылмен салыстырғанда 3 647,0 млн. теңгеге немесе 191,9% өскені байқалады және 5 547,4 млн. теңгені құрады. Қаржылық табыстың айтарлықтай өсімінің себептері ЕДБ-дегі депозиттік шоттардағы бос ақшалай қаражаттың көлемінің өсуі болып табылады. Сондай-ақ қаржылық табыстың ұлғаюы депозиттік шоттар бойынша сыйақы бойынша ЕДБ пайыздық мөлшерлемесінің өсу жағына (13-тен 15,75% - ға дейін) өзгеруімен байланысты.

**ЕДБ шоттары бойынша сыйақы динамикасы, млн. теңге**

| Көрсеткіштер / Кезеңдер | 2018 ж | 2019 ж | 2020 ж | 2021 ж | 2022 ж | 2023 ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыйақылар бойынша кірістер | 1 229 | 793 | 2 373 | 1 752 | 1 902 | 1 042 |
| ТІМ орташа жылдық қалдығы | 18 431 | 11 925 | 29 142 | 22 486 | 17 075 | 19 405 |
| **Сыйақы бойынша орташа жылдық мөлшерлеме** | **6,67%** | **6,65%** | **8,14%** | **7,80%** | **11,14%** | **5,37%** |

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Серіктестіктің тұрақты дамуы – бұл Серіктестік өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын принциптер мен міндеттемелердің жиынтығы:

1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару;

2) бағалау және экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларға әсерді басқару.

## Экономикалық сала



- Жалғыз қатысушының мүдделерін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру арқылы фармацевтика өнеркәсібін дамыту;
- Бюджет қаражатын үнемдеу.

## Әлеуметтік сала



- Қазақстан Республикасы халқының тең, уақтылы және үздіксіз дәрілік қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету;
- Еңбек қауіпсіздігін және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;
- Әділ сыйақы;
- Персоналды жеке дамыту.

## Экологиялық сала



- Табиғи жүйелерге әсерді азайту: шығыс материалдарын қысқарту, мысалы, электрондық құжат айналымына көшу есебінен қағаз құжат айналымын қысқарту;
- Бірыңғай дистрибьютор ДЗ мен МБ өндіруді және жеткізуді тиісті экологиялық бақылауды қамтамасыз ететін GMP/GDP халықаралық стандарты бар өндірушілер мен өнім берушілерден ғана ДЗ мен МБ сатып алуды жүзеге асырады.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

## *Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл*

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл Серіктестіктің орнықты дамуының ажырамас бөлігі болып табылады және ағымдағы операциялық қызмет шеңберінде күнделікті практика болып табылады және заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Біздің басымдылығымыз – еститін денсаулық сақтау жүйесі және пациентке бағытталған тәсіл.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету тетіктері туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, ҚР фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру арқылы фармацевтика өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ «СҚ-Фармация» ЖШС оң имиджін қалыптастыру және қолдау мақсатты аудиторияны зерделеу, ақпараттық кампаниялар жүргізу, қоғамдық пікірді қалыптастыру, процестердің ашықтығы мен айқындығы арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

СҚ-Фармация өзін ашық, пациентке бағдарланған ұйым ретінде көрсетеді, сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарында да, әлеуметтік желілерде де жұртшылықпен өзара іс-қимыл мәселелеріне баса назар аудару транспаренттілік және жедел әрекет ету қағидаттарына негізделеді. Барлық қолжетімді құралдар арқылы халықпен белсенді жұмыс жүргізілуде.

Баспасөз қызметі тұрақты негізде СҚ-Фармация қызметі туралы маңызды ақпараттық желеулерді жария ету бойынша, баспасөз брифингтерін, сұхбаттарды ұйымдастыру, телевизиялық бағдарламаларға қатысу бойынша, пациенттік ұйымдармен және ҮЕҰ-мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Сондай-ақ, «СҚ-Фармация» ЖШС-нде ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қалалық және ұялы телефондар үшін қолжетімді **1439** қысқа нөмірі бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Байланыс орталығы жұмыс істейді.

Бірыңғай дистрибьютордың Байланыс орталығының маңызды функцияларының бірі халықпен кері байланыс және пациенттердің Бірыңғай дистрибьютор сатып алатын тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды алуын бақылау болып табылады. ДЗ мен МБ туралы ақпарат «нақты уақыт» режимінде беріледі және барынша сенімді болып табылады.

2023 жылда БД БО халықтан **38 486 қоңырау қабылданды.** Оның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша **клиент карточкасын тіркей отырып,** шағымдар мен өтініштер – 41 468. Пациенттерден қабылданған қоңыраулардың жалпы саны ДЗ/МБ бойынша тіркелген өтініштер санынан едәуір аз, өйткені БО тіркелген пациенттердің 20%-ға жуығы 2 немесе одан көп нозологиялар бойынша диспансерлік есепте тұрады. **5 543 өтініш** – бұл құпия болып табылмайтын құзірет шегінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметі бойынша ақпараттық сипаттағы қоңыраулар. Оның, 720 өтініші сатып алынбаған препараттар бойынша және 275 - eGov.kz пайдаланушыларынан. eGov.kz пайдаланушыларынан түскен жалпы қоңырау санынан (275), 116 пациент ДЗ мен МБ алу фактісін растамады. ДЗ/МБ алмау фактісі бойынша одан әрі іс-шара жүргізу үшін пациенттер бойынша деректер «ӘМСҚ» КЕАҚ жолданады.

Ең көп өтініштер мынадай аурулары бар науқастардан болды:

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

1. Қант диабеті – 9 441;
2. Артериялық гипертензия – 6 396;
3. Эпилепсия – 3 385;
4. Жүректің ишемиялық ауруы – 3 311;
5. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы – 1 690.

Есепті кезеңде **9 873 респондент** БО операторларының жұмысын 5 балдық шкала бойынша **4,85 балға** бағалады.

Бірыңғай дистрибьютор жұртшылықпен, оның ішінде ресми веб-сайт, әлеуметтік желілердегі парақтар, байланыс орталығы (1439 тегін қысқа нөмірі бойынша) және Төрағаның блогы арқылы сындарлы өзара іс-қимылды қалыптастыруға **мүдделі.**




Халықты СҚ-Фармацияның қызметі туралы ақпараттандыру бойынша әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізілуде. Баспасөз қызметінің қызметінде әлеуметтік желілерде, СҚ-Фармация ресми интернет-ресурсының блог-платформасында, мессенджерлер чаттарында халықпен және пациенттік ұйымдарымен өзара іс-қимылға үлкен көңіл бөлінеді, бұл дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелерінде халықтың

проблемаларын шешуге көмектеседі, осылайша дәрімен қамтамасыз ету мәселелеріндегі әлеуметтік шиеленісті азайтады, сонымен қатар СҚ-Фармация ресми интернет-ресурсының блог-платформасында СҚ-Фармацияның қызметі мен құзыреті туралы егжей-тегжейлі түсіндірме береді.

Мәселен, 2023 жылы Баспасөз қызметі **77 ақпараттық желеуді** жария етуді ұйымдастырды, республикалық, өңірлік деңгейлерде БАҚ-та жарияланған тиісті пресс-релиздер таратылды - шамамен 400 басылым.

Орталық коммуникациялар қызметінің базасында **6 баспасөз брифингіне** қатысу және жариялау үшін материалдар дайындалды. Сондай-ақ Серіктестіктің интернет-ресурстарында **7 мақала** дайындалып, жарияланды, Басқарма Төрағасының **5 сұхбаты** және баспасөз қызметі бастығының **5 сұхбаты** ұйымдастырылды және өткізілді.

Сондай-ақ БАҚ-пен өзара іс-қимыл шеңберінде БАҚ сұрауларына не теріс сипаттағы жарияланымдарға 14 жауап және ҚР ДСМ сұрауы бойынша 18 жауап дайындалды. Әлеуметтік желілерде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша өтініштер мен шағымдарға ден қою бойынша тәулік бойы жұмыс жүргізілуде. Оның ішінде Facebook-тің ресми аккаунтында 200-ден астам жауап, Instagram-дағы ресми аккаунтында 70 жауап, оның 1/3-тен астамы жұмыс уақытынан тыс/демалыс күндері жарияланады.

Бұл ретте жауаптарды дайындау кезінде біржақты объективті емес ақпараттың таралуына жол бермеу мақсатында да, журналистік қоғамдастықпен тығыз және сенімді ынтымақтастық орнату мақсатында да **жедел әрекет ету** қағидатына үлкен көңіл бөлінеді. БАҚ-тан және жұртшылықтан келіп түскен барлық сауалдар "алтын сағат" қағидаты бойынша пысықталады, бұл жедел өзара іс-қимыл жасауға және теріс ақпаратты теріске шығаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, пациенттер ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатылды. Мәселен, пациенттік ұйымдардың (22 чат) және пациенттік ұйымдардың өкілдерінің мессенджерлердегі өтініштері тұрақты негізде пысықталуда. 2023 жылы халықтың **700-ден астам сұрауына** жауап келіп түсті.

Сондай-ақ, СҚ-Фармация ҚР ДСМ ұйымдастырған пациенттер ұйымдарымен кездесулерге қатысты.

Баспасөз қызметі қаржы жылының қорытындылары бойынша Серіктестік стейкхолдерлерінің қанағаттанушылығын мониторингтеу мақсатында пациенттік ұйымдармен өзара іс-қимылды жыл сайын бағалау үшін пациенттік ұйымдарға сауалнама жүргізеді. Пациенттік ұйымдармен өзара іс-қимылды жыл сайын бағалау үшін жүргізілген сауалнама нәтижелері Стратегия басқармасына қызметтік жазбамен жіберіледі (14.03.2023 ж. №СЗ-1513).

Сонымен қатар, СҚ-Фармация жанынан жұртшылықпен өзара іс-қимылды жақсарту мақсатында **Қоғамдық жұмыс тобы** құрылды, онда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің неғұрлым өзекті мәселелері ашық талқыланады. Көтерілген барлық сұрақтар «Проблемалық мәселелер кітабына» енгізіледі.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында СҚ-Фармация отандық өндірушілерді қолдау және танымал ету бойынша **«MadeinPharmaKZ»** жобасын іске

қосты. Осылайша, **«MadeinPharmaKZ»** жобасын іске қосу аясында фармацевтикалық және медициналық қауымдастықтармен Меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ, СК-Фармация алаңында жұртшылықпен және БАҚ-тың қатысуымен ТМККК және МӘМС жүйесі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арнайы құқықтың субъектісі ретінде Бірыңғай дистрибьюторды үстеме бағалау жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізілді.

Өткен жылдың қазан айында мемлекеттік құрылымдар мен ірі бизнес арасында ашық диалог орнату мақсатында **ІІІ Халықаралық фармацевтикалық «GLOBAL PHARM» және «MedTech»** форумы өткізілді. Баспасөз қызметі іс-шараларға және БАҚ-пен өзара іс-қимылға ақпараттық сүйемелдеу көрсетті. Іс-шараларға әлемнің 10-нан астам елінен 200-ге жуық делегат қатысты, тағы 1,2 мың адам онлайн қосылды, қатысушылар 60-тан астам түрлі компаниялардың атынан қатысты. Осылайша, алдағы форумдардың ақпараттық слайдтары мен анонстары әзірленіп, Серіктестіктің барлық ресми ресурстарына орналастырылды. Сондай – ақ, баспасөз қызметі сайтта 8 баспасөз – релиз, әлеуметтік желілерде-19 пост дайындап, орналастырды. Түрлі деңгейдегі БАҚ-та форумдар туралы 60-тан астам материалдар жарияланды.

Халықты ақпараттандыру үшін СҚ-Фармацияның ресми аккаунттарында баспасөз қызметі **28 инфографик** әзірлеп, жариялады. Әлеуметтік желілерде барлығы 90 ға жуық хабарлама жарияланды.

Серіктестіктің сайты мен әлеуметтік желілерінде 2023 жылы баспасөз қызметі келесі жұмыстарды жүргізді:

- *«Инвесторларға», «Ашық деректер» порталы», «Өңірлік өкілдіктер»* жаңа бөлімдері құрылды;
- *«ДЗ мен МБ ОТӨ қолдау», «Нормативтік құқықтық база», «Басшылық», «Контактілер»* бөлімдері жаңартылды;
- *«Жаңалықтар», «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу», «Есептілік», «Инвесторларға», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын жасауға конкурстар», «Хабарландыру», «Қоғамдық жұмыс тобы»* бөлімдеріне материалдар орналастырылды.

СҚ-Фармация барлық мүдделі тараптардың ортақ проблемаларды шешуге белсенді қатысуы табысты әрі қарай дамудың іргелі шарты болып табылатынына сенімді.

СҚ-Фармация ҚР ДСМ тұлғасындағы уәкілетті органға ақпараттық белсенділік бойынша атқарылған жұмыстар туралы есепті апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдық және жылдық негізде ұсынады.

Сондай-ақ, ҚР ДСМ ақпараттық белсенділік жоспары апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдық және жылдық негізде жолданады.

**СҚ-Фармация өз жұмысында азаматтық қоғам мен БАҚ үшін ашықтық қағидатын ұстануға ниетті.**

## *Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау*

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі Серіктестіктің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ету үшін стратегиялық және жедел басқаруда қолданылады.

Серіктестіктің тұрақты табысына компанияны тиімді басқару және Серіктестік қызметімен байланысты тәуекелдер, ұйым жұмыс істейтін ортаны түсіну, персоналды тұрақты оқыту және инновацияларды енгізу арқылы қол жеткізіледі.

Серіктестіктің тәуекелдерді басқару шеңберінде Серіктестік Басқармасының шешімімен бекітілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидаларда тәуекелдерді басқару рәсімдері әзірленді және енгізілді.

**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің міндеттері:**




Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ Серіктестіктің қызметі мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

**Тәуекелдерді басқару процесінің моделі төменде келтірілген.**




Тәуекелдерді басқару процесінің схемасы

*(Бақылау кеңесінің 2018 жылғы 25 мамырдағы шешімімен бекітілген Серіктестіктің Тәуекелдерді басқару саясатынан, №64 хаттама)*

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Серіктестік жоспарланған көрсеткіштер мен мақсаттарға қол жеткізуге, қабылданған шешімдердің тиімділігіне және тұтастай алғанда қызметтің нәтижелілігіне қандай да бір дәрежеде әсер ететін түрлі тәуекелдерге тап болады.

Серіктестікте тәуекелдерді басқару процесі Серіктестіктің 2021 жылғы 23 сәуірдегі Бақылау кеңесі бекіткен (№ 3 хаттама) Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жүргізіледі. Бұл Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару процесінің негізгі компоненттерін анықтайды, Серіктестікте тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыруда жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді.

2023 жылы Серіктестік 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген тәуекелдерді көздеді, Серіктестіктің 2023 жылға арналған тәуекелдер тізілімі 31 тәуекелден тұрады, ал 2022 жылғы тәуекелдер тізілімі 27 тәуекелді көздейді.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ




Іске асыру ықтималдығының деңгейі және тәуекелдің әсер ету мөлшері қайта қаралды, тәуекелдерді іске асыруға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар қайта қаралды.

Осы тәуекелдерге егжей-тегжейлі мониторинг жасалынуы тиіс және Тәуекелдер иелері тарапынан ұсынылған ұсыныстар негізінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару қызметі сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастырды. Серіктестік тоқсан сайын Серіктестіктің Бақылау кеңесіне тіркелген тәуекелдер туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша тіркелім мен картаны әзірлеу туралы ұсыныс берді. Артық құжат айналымын қысқарту және бақылауды күшейту шеңберінде 4 сыбайлас жемқорлық тәуекелі серіктестіктің жалпы Тізілімдер және Тәуекелдер картасына енгізілді.

**Ішкі бақылау**

Ішкі бақылау үш негізгі бағыт бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар жүзеге асыратын процесс ретінде айқындалады:

- операциялық қызмет;
- қаржылық есептілікті дайындау;
- нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау.

Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Серіктестіктің барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі қызметі Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Ішкі бақылау шеңберінде тәуекелдер матрицасы әзірленді, тәуекелдер матрицасының негізгі мақсаты бизнес-процестердің жоғарғы, екінші және үшінші деңгейіндегі серіктестік қызметіне әсер ететін тәуекелдерді арақатынасы болып табылады. Тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы кемшіліктерді

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

және жақсарту салаларын белгілей отырып, бақылау рәсімдерінің операциялық тиімділігін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесімен 2023 жылғы 17 сәуірде №1 хаттама «2023 жылға арналған «СҚ-Фармация» ЖШС Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді.

Ішкі бақылау жүйесінің мақсаты – басшылықтың Серіктестіктің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз ету үшін процестік тәуекелдерді жедел анықтау және алдын алу жолымен Серіктестік процестерін жетілдіру.

Ішкі бақылау жүйесі төрт кезеңге бөлінеді:

*1. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру;*

*2. Ішкі бақылау рәсімдеріне дайындық;*

*3. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесінде тексеру жүргізу;*

*4. Тексеру нәтижелері туралы қорытындыларды қалыптастыру.*

Құрылымдық бөлімшеде тексеру жүргізу барысында анықталған барлық нәтижелер тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерде және Серіктестіктің ішкі бақылау жүйесін бағалау жөніндегі Есептерде тоқсан сайынғы негізде міндетті түрде тіркеледі.

## *Персоналды басқару*

Бірыңғай дистрибьютордың негізгі ресурсы жоғары білікті кадрлар болып табылады. Кадрлық ресурстарды дамыту тұрақты даму саясатының бөлігі болып табылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Серіктестік штатында 171 қызметкер бар, жылдық орташа тізімдік саны 179 қызметкерді құрады, қызметкерлер саны 95,5% құрайды. 2023 жылда кадрлардың тұрақтамауы 9,49%-ды құрады.







Штаттың көп бөлігі жастар, қызметкерлердің шамамен 59%-ы 40 жасқа толмаған. Қызметкерлердің жалпы санының 61%-ын әйелдер құрайды.

Іс жүзінде 2023 жылғы 31 желтоқсанда Серіктестікте 171 адам жұмыс істейді. Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар.

2023 жылы Серіктестіктің 9 қызметкерінің меритократия қағидаты бойынша лауазымы жоғарылады, оның ішінде екі қызметкер құрылымдық бөлімшелердің басшыларына бір қызметкер аймақ өкілдігінің басшысына дейін жоғарылады.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ




2023 жылы Серіктестіктің жұмыскерлері үшін «Ағылшын тілі», «Қазақ тілі», «Тайм-менеджмент», «Корпоративтік басқарудың, тәуекел-менеджменттің және ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру», «Еңбек даулары. Келісу комиссиясының мүшелерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану және келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқыту», «Incotermc және логистика», «Логистикалық менеджмент», «Кедендік декларациялау», «Әлеуметтік желілер үшін контентті жылжытудың тиімді құралдары», «MS Excel пайдалана отырып қаржылық моделдеу», «ҚР салық заңнамасындағы және ҚЕХС өзгерістер мен толықтырулар», «MS Excel тереңдетілген курсы және деректерді талдау негіздері», «Әкімшілендіруде PostgreSQ енгізу», «Java және PostgreSQL, Oracle деректер базалары. Клиент-серверлік қосымшаларды әзірлеу», «SQL сұраныстарын және PL/SQL модулдерін әзірлеушілері үшін Oracle 12c жаңа ерекшеліктері», «Сыни тұрғыдан ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеті», «Келіссөздер жүргізу және жанжалдарды реттеу», «Тиімді коммуникациялар», «ISO 27005 ақпараттық қауіпсіздіктің тәуекелдерін басқару», «Сертификат «I-санаттағы ҚР Салық консультанты», «Кәсіби қаржы менеджері», «Заң және Мемлекеттік сатып алу туралы қағидалар, 2023 жылғы өзгерістермен», «Кадрлық резерв және таланттарды басқару», «Қызметкерлердің тиімділігін басқарудағы дамытушы кері байланыс», «HR Management: Персоналды басқару. Ұйымда адамдарды дамыту», «Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру», «Шарттық құқық: мәмілелер және шарттар, жекелеген сәттер», «Соттық дауларды тиімді жүргізу: процессуалды заңнаманы қолданудың өзекті мәселелері», «Салық заңнамасына шолу. Қазақстандағы салық салудың қысқа курсы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексі. Қазақстан Республикасының Азаматтық-процессуалдық кодексіндегі өзекті өзгерістер», «Корпоративтік басқару: құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер» тақырыптарында жеке және корпоративтік оқулар жүргізілді.

«СҚ-Фармация» ЖШС Стратегиясын іске асырудың 2019-2023 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес Серіктестік қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 30%-ды қамтыған кезде «Қызметкерлерді тестілеуді бағалау» іс-шарасы жоспарланған.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

102 жұмыскер тестілеуден өтті. Тестілеу нәтижесі бойынша 96,8 % құрайтын тестілеу нәтижесінің орташа балы айқындалды.

Сонымен қатар, персоналды ынталандыру жүйесі материалдық және материалдық емес компоненттерді қарастырады.

**Материалдық:**

- Серіктестіктің басқармалары мен қызметтері үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштері әзірленді және бекітілді, оларды орындау бойынша тоқсан қорытындысы бойынша қызметкерлерге сыйлықақы беру жүзеге асырылды, тиімділіктің орташа негізгі көрсеткіші 98,03%-ды құрады;
- Наурыз Мейрамы мен Медицина қызметкері күнінің кәсіби мерекесіне орай мерекелік күндерге қызметкерлерге сыйлықақы берілді;
- қызметкерлерге некеге тұруға немесе бала тууға байланысты материалдық көмек беру жүзеге асырылады.

**Материалдық емес:**

- ведомстволық наградалармен марапатталды:
  - «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгілерімен – 3 қызметкер;
  - «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен – 3 қызметкер;
  - ҚР Министрінің құрмет грамоталарымен - 4 қызметкер;
  - ҚР Министрінің алғыс хатымен - 4 қызметкер.
- тұрақты негізде қызметкерлерді ішкі наградалармен марапаттау жүргізіледі, осылайша есепті кезеңде:
  - жұмыстағы жетістіктері үшін құрмет грамотасымен - 15 қызметкер;
  - Басқарма Төрағасының алғыс хаттарымен - 14 қызметкер.
- Корпоративтік мәдениет шеңберінде қызметкерлердің туған күнімен құттықтаулар корпоративтік пошта арқылы жіберіледі.

## *«СҚ-Фармация» ЖШС Жастар комитеті*

«СҚ-Фармация» ЖШС Жастар комитеті Серіктестіктің тұрақты жұмыс істейтін кеңесші-консультативтік органы болып табылады. Жастар комитетінің қызметі оның мүшелерінің алқалылығы, жариялылығы, тәуелсіздігі мен теңдігі, қоғамдық пікірді есепке алу және қолдау қағидаттарына негізделеді.

Өз қызметін жүзеге асыра отырып, Жастар комитеті басшылықпен, құрылымдық бөлімшелермен, аумақтық органдардың жастар кеңестерімен, жастар және қоғамдық ұйымдармен және басқа да мемлекеттік органдардың кеңестерімен өзара іс-қимыл жасайды. Жастар комитеті жастармен жұмыс жөніндегі қызметті үйлестіру үшін құрылған.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

## *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл*

Бірыңғай дистрибьютор Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) тұрақты негізде өзара іс-қимыл жүргізеді.

2023 жылғы 31 наурызда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ұйымдастырған Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту жөніндегі форумға қатысты.

Сондай-ақ, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі жұмыс тобына қатысты.

Бұдан әрі, 2023 жылғы 2 ақпанда Мемлекет басшысы 2023 жылғы 3 қаңтарда бекіткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру бойынша Серіктестік қызметкерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілімен кездесуі ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 30.05.2023ж. № 10-1-9/4631 хаты шеңберінде 2023 жылы 27 маусымдағы қауіпсіздік қызметімен бірлесіп Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілетін жаңалықтарды түсіндіру бойынша семинары ұйымдастырылды және өткізілді

Мәселен, қызметкерлердің назарына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында, адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыруға бағытталған Еңбек Кодексі мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда енгізілген нормалар жеткізілді .

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 27.09.2023 № 10-1-9/4631-И -08/10172-И хаты шеңберінде «СҚ-Фармация» ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу бойынша жұмыс тобы анықталды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (02.10.2023 ж. №317) және «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма Төрағасының (29.09.2023 ж. №08/506) бірлескен бұйрығымен «СҚ-Фармация» ЖШС қызметінде қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілуде.

Талдау Агенттіктің, Денсаулық сақтау министрлігінің, мүдделі мемлекеттік органдардың (ҚР ҚМ, ЕжХӘҚМ, ЦДИАӨМ) қызметкерлерімен және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп жүргізіледі.

2023 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің шақыруымен Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес күніне және Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясының 20 жылдығына арналған «Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты: тәжірибесі мен болашағы» форумына қатысты.

Форумда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру қорытындылары шығарылып, даму перспективалары талқыланды. Президент Әкімшілігінің, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, дипломатиялық өкілдіктердің, мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың өкілдері қатысты.

Бұдан басқа, Агенттіктің тапсырмасы бойынша «Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысы шеңберінде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты іске асырылады.

Осы бағыт шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін қолдау сияқты іс-шаралар жүзеге асырылады.

Өткізілетін іс-шаралар туралы есептер Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және денсаулық сақтау министрлігіне уақтылы жіберіледі.

Серіктестік қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру (сыбайлас жемқорлыққа қарсы, комплаенс және өзге де мәселелерді реттейтін нормативтік құжаттарды түсіндіру).

2023 жылғы 2 ақпанда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аса маңызды істер жөніндегі аға офицері Ж. Ж. Жылкишиева «СК-Фармация» ЖШС қызметкерлері үшін 2023 жылы 3 қаңтарда Мемлекет басшысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және мемлекеттік қорғалуға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» 2023 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын түсіндіру бойынша семинар өткізді.

Мәселен, қызметкерлердің назарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға қатысты жаңашылдықтар жеткізілді:

1) Лауазымды тұлғалардың негізсіз байытуын бақылау шараларын белгілеу, оның ішінде кірістер мен шығыстар арасындағы декларацияларда алшақтықтарды белгілеу кезінде санкциялар енгізу;

2) Лауазымды адамдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қосымша шектеулер белгілеу;

3) Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын адамдарды, оның ішінде олардың еңбек құқықтарына нұқсан келтіруден және ұсынылған ақпараттың құпиялылығынан кепілдіктер арқылы тиісті қорғауды қамтамасыз ету;

4) Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпарат алмасу, әдіснамалық қолдау және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлеу бөлігінде қызметін үйлестіру жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің функциясын заңнамалық бекіту.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

2023 жылғы 27 маусымда Қауіпсіздік қызметімен бірлесіп Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілетін жаңалықтарды түсіндіру бойынша семинары ұйымдастырылды және өткізілді.

2023 жылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Осы Заң шеңберінде Еңбек кодексіне және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыруға бағытталған түзетулер енгізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 24-1-бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды қорғау шаралары мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамды уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарды қабылдаған күннен бастап үш жыл ішінде немесе адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен сәттен бастап еңбек қатынастары саласындағы құқықтар мен заңды мүдделерді бұзудан қорғау;

2) осы адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдем көрсетуі туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде адамның жоғары тұрған мемлекеттік органның басшысына және (немесе) ол қызметкері болып табылатын ұйымның не уәкілетті мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету мақсатында жүгінуі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі басталды, оған мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары кірді.

Осыған байланысты 2023 жылдың 3-тоқсанында комплаенс-офицер «СҚ-Фармация» ЖШС-нің барлық қызметкерлерімен мемлекеттік кірістер органдарына декларация тапсыру бойынша жұмыс ұйымдастырды.

Сондай-ақ, 2023 жылғы 12 шілдеде Астана қаласының Мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесіп жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі шеңберінде Серіктестік қызметкерлерінің жалпыға бірдей декларациялауды түсіндіру бойынша семинары ұйымдастырылды және өткізілді.

2023 жылғы 29 қарашада Бірыңғай дистрибьютор алаңында комплаенс-офицер Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің өкілдері мен компания қызметкерлерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық сананы қалыптастыру» семинарын ұйымдастырды.

Іс-шараның спикерлері заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Есберген Алауханов, отставкадағы ІІМ генерал-майоры Сағатбек Нұрахметов болды. Модератор - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі ақпараттық-ағарту пулының спикері Жомарт Әбішев.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Күн тәртібінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оған қарсы күрес мәселелері талқыланды.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау**

2023 жылғы 23 мамырдан 3 шілдеге дейін «СК-Фармация» ЖШС Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 12 мамырдағы №199 бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«СК-Фармация» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) «СК-Фармация» ЖШС қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «СК-Фармация» ЖШС ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ІНҚ туралы білімін тексеру**

2023 жылдың 4 тоқсанында «СК-Фармация» ЖШС қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ІНҚ негізгі ережелерін білуге тестілеу өткізілді:

- «СҚ-Фармация» ЖШС Іскерлік этика кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Құпия ақпараттандыру саясаты;
- «СК-Фармация» ЖШС-да корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже.

Тест сұрақтары Этика және комплаенс кодексі қағидаттарын базалық түсінуді қалыптастыруға және растауға бағытталған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық жағдайлары туындаған кезде қызметкерлердің іс-әрекеттерін сипаттайтын ситуациялық сұрақтар енгізілді.

Тестілеуге «СК-Фармация» ЖШС-нің 134 қызметкері қатысты. Тесттер ішкі нормативтік құжаттарды білуге арналған 16 сұрақтан және 8 ситуациялық сұрақтан тұрды.

Мәселен, ішкі нормативтік құжаттарды білу бойынша сұрақтарға 63 қызметкер 100% оң жауап берді – 47%.

жұмыскерлердің 9,8% (13 адам) 16 сұрақтың 15не дұұрыс жауап берді.

жұмыскерлердің 15,6% (21 адам) 16 сұрақтың 14не дұрыс жауап берді.

жұмыскерлердің 18,6% (25 адам) 16 сұрақтың 13не дұрыс жауап берді.

жұмыскерлердің 7,5% (10 адам) 16 сұрақтың 12не дұрыс жауап берді.

бір жұмыскерден 16 сұрақтың 11және 7 сұрағына жауап берді.

Ситуациялық сұрақтарға жауаптардың нәтижелері мыналарды көрсетті.

96 жұмыскер, немесе 71,6% барлық қойылған 8 ситуациялық сұрақтарға жауап берді.

34 жұмыскер (25,4%) 8 сұрақтың 7еуіне жауап берді.

4 жұмыскер (3%) 8 сұрақтың 6на жауап берді.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Жалпы, тестілеу нәтижелері «СК-Фармация» ЖШС қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ІНҚ ережелерін білудің жақсы деңгейін көрсетті.

Сонымен қатар, ең типтік қателіктер жиналып, болашақта қызметкерлерді оқыту кезінде проблемалық бағыттарға баса назар аударылады.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## *Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен құрылымы*

«СҚ-Фармация» ЖШС корпоративтік басқаруды Серіктестік қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде қарастырады.

Серіктестікте қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару тәжірибелерінің талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.

Серіктестіктің корпоративтік басқару жүйесі Серіктестіктің қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығы болып табылады. Серіктестік органдарының құзыреттері нақты бөлінген және Серіктестіктің Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында бекітілген.

2018 жылдан бастап Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімімен бекітілген Серіктестіктің корпоративтік басқарудың жаңа Кодексін енгізеді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрінің 2018.05.10 № 249 бұйрығы).

Серіктестіктің корпоративтік басқаруын ұйымдастыру және іске асыру Серіктестіктің Жарғысына және корпоративтік органдар – Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі, Басқарма, Ревизиялық комиссиясы арасындағы қатынастарды реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Серіктестіктің құрылымы және басқару органдары**

1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің алқалы бақылау органы – Бақылау кеңесі;

3) Серіктестіктің атқарушы органы – Басқарма;

4) бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия.

«СҚ-Фармация» ЖШС Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен мақұлданған (№81 хаттама). Есепке сәйкес, Серіктестікті корпоративтік басқарудың барлық қағидаттары сақталады.

## *Жалғыз қатысушы*

2013 жылы «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес «СҚ-Фармацияға» мемлекеттік қатысу үлесінің 100% иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берілді.

**Серіктестіктің жарғылық капиталы** Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған және оның мөлшері 700 000 000 (жеті жүз миллион) теңгені құрайды.

## *Бақылау кеңесі*

Бақылау кеңесі Серіктестікке стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз қатысушыға есеп беретін басқару органы болып табылады.

Бақылау кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына, Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шешімдеріне, Бақылау кеңесі туралы Ережеге және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл ретте Бақылау кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

1) даму стратегиясын (бағыттары мен нәтижелері) айқындау;

2) даму стратегиясында және/немесе даму жоспарында белгіленетін ҚНК қою және мониторингтеу;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;

4) Бақылау кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингтеу;

5) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысын (сыйлықақысын) айқындау және қызметін қадағалау;

6) корпоративтік басқару және этика.

Бақылау кеңесінің жаңа құрамы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 232 бұйрығымен, өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл, келесі құрамда айқындалды:

– Шоранов Марат Едигеевич – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі;
– Ташенев Бакытбек Хакимович – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;
– Таукелева Саида Жанабилевна – Бақылау кеңесінің мүшесі;
– Лавриненко Юрий Иванович – Бақылау кеңесінің мүшесі;
– Баймагамбетов Даурен Уристемович – Бақылау кеңесінің мүшесі.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 15 тамыздағы №706 «СҚ-Фармация» ЖШС Бақылау кеңесінің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен (М.Е. Шорановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Бақылау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау вице-министрі В.Ю. Дудник сайланды);

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## Бақылау кеңесінің құрамы



**Лавриненко Юрий Иванович**

**Бақылау кеңесінің Төрағасы**

**Туылған күні::**

**24.11.1945**

**Жұмыс орны:**

**«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағы Төрағасының Орынбасары**

**Білімі:**

1968 – Ленинград теміржол көлігі инженерлерінің институты, мамандығы «Темір жолдарды пайдалану»

1991 – КОКП ОК жанындағы «Саясаттанушы» ҚҒА

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Дудник Вячеслав Юрьевич**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**02.04.1963**

**Жұмыс орны:**

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі**

**Білімі:**

1986 – КГМИ по специальности «Лечебное дело» (с отличием);

2010 год - Казахский университет экономики, финансов и международной торговли по специальности «Экономика»;

2013 год - МАБ по квалификации «Магистр делового администрирования»;

2016 год - РАНХ по квалификацию «Доктор делового администрирования»;

2017 год - Европейский университет Швейцарии, DBA. Врач высшей категории, ДМН

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Тәшенев Бақытбек Хакімұлы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**19.10.1977**

**Жұмыс орны:**

**ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы**

**Білімі:**

1999 – Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы, мамандығы «Инженер-экономист»;

2002 – Қазақ гуманитарлық-заң университеті, мамандығы «Заңгер».

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Баймағамбетов Дәурен Өрістемұлы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**28.12.1976**

**Жұмыс орны:**

**«IKapitalist ltd» ЖК Қаржы директоры және Комплайнс директор**

**Білімі:**

1997 – Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясы, мамандығы «Экономист»;

1999 – Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институты «Мемлекеттік Басқару Магистры»;

2000 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандығы «Заңгер»

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**



**Таукелева Саида Жанәбілқызы**

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**Туылған күні:**

**24.06.1980**

**Жұмыс орны:**

**ҚР бойынша «Қоғамдық бақылау» үйлестірушісі, «Мен алматылықпын» ҚБ еріктісі, Алматы қ.**

**Білімі:**

2001 – Қазақ Мемлекеттік Заң Академиясы Алматы қ.

**Азаматтық:**

**Қазақстан Республикасы**

### Бақылау кеңесінің мүшелерін іріктеу критерийлері

Бақылау кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде назарға алынады:

1) басшы лауазымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және/немесе экономиканың/қаржының және/немесе бизнестің және/немесе құқықтың бейіні бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;

2) Бақылау кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі және денсаулық сақтау және/немесе экономика және/немесе бизнес және/немесе құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігі;

3) білімі, мамандығы, халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, денсаулық сақтау және/немесе экономика және/немесе бизнес және/немесе құқық (MBA) саласында қосымша білімі, кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар;

4) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);

5) іскерлік бедел.

### Бақылау кеңесі жұмысының қорытындылары

2023 жылда «СҚ-Фармация» ЖШС-нде Бақылау кеңесінің 11 отырысы өткізілді, оның ішінде 7 бетпе-бет және 4 сырттай. «СҚ-Фармация» ЖШС-нің Бақылау кеңесі келесі бағыттар бойынша мәселелерді қарап, тиісті шешімдер қабылдады:

1. Ревизиялық комиссияның есептері (тоқсан сайынғы негізде қаралатын ревизиялық комиссияның есептері);
2. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері (тоқсан сайынғы негізде қаралатын тәуекелдерді басқару есептері; Серіктестіктің Тәуекелдер тізілімі; Тәуекелдер картасы; Шекті қатер тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспары; Тәбет тәуекелі; Тәуекелдер және бақылаулар матрицалары).
3. Қаржы-экономикалық, стратегиялық бағыттардың мәселелері (аудиттелген жылдық қаржылық есептілік және таза кірісті бөлу тәртібі; Даму жоспарын орындау бойынша есеп; Даму жоспарын нақтылау; Даму стратегиясын іске асыру бойынша есеп; 2022 жылдың қорытындысы бойынша және 2023 жылдың жарты жылдығының қорытындысы бойынша Серіктестік қызметінің нәтижелері; 2022 жылға нақты мәндері бар Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталары; 2024-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы, Басқарма мүшелерінің 2024 жылға арналған ҚНК карталары).
4. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту/өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
5. Кадрлық (ұйымдастыру құрлымы және штаттық сан, комплаенс офицердің лауазымдық жалақысын айқындау).

| Бақылау кеңесінің мүшелері | Қатысуы | | | | | | | | | | | 2023 жылғы отырыстардың жалпы санынан % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 17.04 №1 (О) | 27.04 №2 (З) | 12.06 №3 (О) | 03.07 №4 (З) | 18.08 №5 (О) | 28.08 №6 (О) | 23.10 №7 (З) | 17.11 №8 (О) | 15.12 №9 (О) | 22.12 №10 (О) | 27.12 №11 (З) | |
| **Лавриненко Юрий Иванович** *ҚР ДСМ 04.04.2022 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100% |
| **Дудник Вячеслав Юрьевич** *ҚР ДСМ 15.08.2022 №706 бұйрығымен сайланды* | - | - | + | - | + | - | - | - | - | - | - | 18% |
| **Тәшенев Бақытбек Хакімұлы** *ҚР ДСМ 04.04.2022 №232 бұйрығымен сайланды* | ⊕ | + | ⊕ | + | ⊕ | ⊕ | + | ⊕ | ⊕ | ⊕ | + | 100% |
| **Баймагамбетов Дәурен Өрістемұлы** *ҚР ДСМ 04.04.2022 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100% |
| **Таукелева Саида Жанәбілқызы** *ҚР ДСМ 04.04.2022 №232 бұйрығымен сайланды* | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100% |

*⊕ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір бере отырып, Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына қатысу.*

## Бақылау кеңесінің Комитеттері

2020 жылғы 26 қарашада Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысы барысында Байқау кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің бастамасы бойынша Басқармаға Байқау кеңесі жанынан консультативтік-кеңесші комитеттер құруға мүмкіндік беретін ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер/толықтырулар енгізу тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №82 Бұйрығымен қолданыстағы Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар комитеттерді құру тәртібін регламенттеді.

Байқау кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 28 шілдеде Байқау кеңесі жанынан 3 комитет құрылып олар туралы ережелер бекітілді:

1. Аудит жөніндегі комитет
2. Тәуекелдер және ішкі бақылау комитеті
3. Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

Аталған Комитеттердің қызметі Комитеттердің Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

| Байқау кеңесі комитеттерінің мүшелері | Қатысуы | | |
|---|---|---|---|
| | Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет | Аудит жөніндегі комитет | Тәуекелдер және ішкі бақылау комитеті |
| **Лавриненко** Юрий Иванович | 10/10 | 9/9 | 9/9 |
| **Баймағамбетов** Дәурен Әрістемұлы | 10/10 | 9/9 | 9/9 |
| **Таукелева** Саида Жанәбілқызы | 10/10 | 9/9 | 9/9 |

**Байқау кеңесі мүшелерінің сыйақылары**

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 630 бұйрығына сәйкес Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйлықақы мөлшері әрқайсысына тоқсан сайын төленетін 550 000 (бес жүз елу мың) теңге сомасында айқындалды.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын серіктестіктің Байқау кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу жүргізілмейді.

Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшелеріне сыйлықақы төлеу мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

- Бақылау кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;
- Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырыстарына ауру, демалыс, іссапарды қоспағанда қатысу.

Бақылау кеңесінің мүшесі Бақылау кеңесінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, тіркелген сыйлықақы сырқаттанушылықты, демалысты, іссапарды қоспағанда, елу пайызға азаяды.

Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшелерінің тұрақты тұратын жерінен тыс жерде өткізілетін Серіктестіктің Бақылау кеңесінің отырыстарына шығуына байланысты Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшелеріне шығыстарды өтеу Серіктестіктің Басқарма Төрағасының іссапар шығыстарын өтеу тәртібі мен нормалары шегінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Серіктестіктің Бақылау кеңесінің мүшелеріне шығыстарды өтеу жүргізілмейді.

## *Басқарма*

Басқарма Жалғыз қатысушыға және Бақылау кеңесіне есеп береді және Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және Жалғыз қатысушы мен Бақылау кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

2023 жылда Басқарманың 34 отырысы өткізілді, онда 137 мәселе қаралды, 362 шешім қабылданды.

| 34 | 20 | 14 | 137 |
|---|---|---|---|
| 2023 жылда өткізілген отырыстар | Бетпе-бет отырыстар | Сырттай отырыстар | Қаралған сұрақтар |

### 2023 жылға Басқарманың құрамы

1) Искалиев Ерхат Серікұлы – Басқарма Төрағасы;
2) Омарова Гүлнар Аттинқызы – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
3) Қансұлтан Нұржан Ғалымжанұлы – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
4) Отеуов Мұқан Қанатұлы – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5) Құрманова Бахытжамал – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі, **ҚР ДСМ 11.07.2023 жылғы № 406 бұйрығымен өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;**
6) Қажыбаев Артур Эстенұлы – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі, **ҚР ДСМ 11.09.2023 жылғы № 52 ж/в бұйрығымен өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;**
7) Оспанов Ержан Мұхтарұлы – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі, ҚР ДСМ 2023 жылғы 6 ақпандағы **№78 бұйрығымен, өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды**, Басқарманың құрамына Қажыбаев А.Э сайланды.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## Басқарма құрамы



### Искалиев Ерхат Серікұлы

**Басқарма Төрағасы**

**Туылған күні:**

**25.09.1976**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 12.07.20 ж. № 27 Бұйрығымен Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалды

**Білімі:**

1998 – Братьев Карич» университетінің Банк ісі және сауда Академиясы (Югославия), мамандығы «Экономист-менеджер»;

2003 – Құқықтану Академиясы - «Әділет» Жоғары құқық мектебі (Астана), мамандығы «Құқықтану»;

2009 – ХБА (Астана) – MBA бағдарламасы;

2009 – Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ (Алматы) –э.ғ.к. (Ph.D), мамандығы «Қаржы, ақша айналымы және кредит»;

2015 – «DBA» Халықаралық Бағдарламасы.

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестік қызметін үйлестіру және жалпы басқару.**



### Омарова Гүлнәр Аттинқызы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні:**

**27.11.1967**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 11.07.23 ж. №406 Бұйрығымен Басқарушы директор – Басқарма мүшесі лауазымына сайланды

**Білімі:**

1990 – Алма-Ата мемлекеттік медициналық институты, мамандығы «Провизор»;

2008 – Экономика және құқық академиясы, мамандығы «Юриспруденция»;

2009 – «Болашақ» Қарағанды университеті, мамандығы «Фармация».

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестіктің қызметін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мониторингі және жоспарлау бөлігінде қамтамасыз ету**



### Қансұлтан Нұржан Ғалымжанұлы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні:**

**29.06.1978**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 13.04.2023 ж. №214 бұйрығымен басқарма құрамына қайта сайланды

**Білімі:**

1999 – Қазақ Мемлекеттік Заң Университеті, мамандығы «Заңгер»;

2007 – «Қайнар» университеті, мамандығы «Қаржы»;

2020 – Азаматтық авиация академиясы, мамандығы «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану».

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Әкімшілік-шаруашылық, құқықтық және сатып алу қызметін қамтамасыз ету**



### Отеуов Мұқан Қанатұлы

**Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

**Туылған күні::**

**11.05.1990**

**Өкілеттіктердің басталу күні**

ҚР ДСМ 13.04.2023 ж. №214 бұйрығымен басқарма құрамына қайта сайланды

**Білімі:**

2010 – Simon Fraizer University, Бизнес Әкімшілігі факультеті - қашықтықтан оқыту курсы (Ванкувер, Канада);

2012 – Астана қ. Қазақстан-Ресей университеті, Құқықтану факультеті – сырттай бөлім;

2016 – «Көкше» академиясы, экономика магистрі;

2019 – «ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті - магистр, денсаулық сақтау менеджері.

**Өкілеттік және жауапкершілік деңгейі:**

**Серіктестіктің қаржылық-экономикалық қызметін және бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды қамтамасыз ету және өнім берушілерді мониторингілеу және сүйемелдеу, оның ішінде ОТӨ, логистика және сақтау бөлігінде қамтамасыз ету**

## *Ревизиялық комиссия*

«СҚ-Фармация» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Ревизиялық комиссисының (бұдан әрі – Ревизиялық комиссия) 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары (бұдан әрі - ЖАЖ) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы №48 бұйрығымен бекітілді.

2023 жылға 8 аудиторлық іс-шара қарастырылған:

1. Серіктестік қызметін құқықтық қамтамасыз ету және Басқарма қызметін қамтамасыз ету аудиті;
2. Дебиторлық және кредиторлық берешектердің жай күйін мониторингтеу аудиті;
3. Бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде Серіктестіктің қаржылық есептілігін жасау;
4. Отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар бойынша ДЗ мен МБ сатып алу шарттарын және келісімшарттық өндірістің тапсырыс берушілерімен бірегей патенттелген ДЗ жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын сүйемелдеу тиімділігін бағалау;
5. Персоналды басқару тиімділігінің аудиті;
6. ДЗ мен МБ жеткізушілерінің, ДЗ мен МБ тасымалдау және сақтау жөніндегі қызметтердің, Тапсырыс берушілердің (МҰ) жасалған шарттардың талаптарын бұзғаны үшін талап-арыз жұмысын ұйымдастырудың аудиті;
7. Тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау;
8. Ішкі бақылау жүйесін бағалау.

Жүргізілген ішкі аудиттердің нәтижелері бойынша 63 анықталып, 64 ұсыныс берілді.

Ревизиялық комиссия анықтаған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді жою, оларды бұдан әрі жібермеу, орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша алынған ұсынымдарды іске асыру мақсатында Серіктестік жауапты тұлғаларды және орындау мерзімдерін белгілей отырып, түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

Қазіргі уақытта 33 ұсыныс орындалды, қалған ұсынымдар бойынша орындау мерзімі аяқталған жоқ.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## *Ұйымдық құрылым*



# 2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

***2023 жылғы жұмыстың негізгі нәтижелері***

## BIGPHARMA ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУ

**Шетелдік инвестицияларды және фармацевтикалық өнім өндіруде, технологиялар мен жаңа әзірлемелерді отандық өндірістік алаңдарға беруде үздік шетелдік тәжірибені тарту**

СК-ФАРМАЦИЯ

## Байланыс ақпараты

**«СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Мекенжайы: Қазақстан Республикасы**
**010000, Астана қаласы,**
**Достық көшесі 13/3**

**Кеңсе: +7 (7172) 559 708**

**Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Байланыс орталығының телефоны**

# 1439

***(қалалық және ұялы телефондардан тегін)***

**Пошта: info@sk-pharmacy.kz**

**Сайт: www.sk-pharmacy.kz**